



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 қаңтар СЕНБІ 2020 ЖЫЛ



№3-4
(19879-19880)

Пайым

3 Ұлы ақын
ұлағаты

Назар

4 Жұмыстан бас
тартса, көмектен
қағылады

Денсаулық

5 Екі көзің –
шырағың

Ойтаразы

8 Қой асыңы
деменіз...

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен кара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты.

Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп



шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу

мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан ұлттымызды жаңғырту

ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді.

2-3-бет.

САПАР

Шалғайдағы ауылдың мәселесі шет қалмайды



Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқаковтың Арал ауданында өткен екі күндік сапарының соңы шеткі ауылдың бірі – Ақбай елді мекені болды. Бұдан бөлек, үшінші күнгі халықпен кездесудің басым бөлігі Қазалы ауданының ауылдарында жалғасты.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Алдымен Аралдың Акирек ауылдық округінде өткен кездесуде ақбайлықтар бірнеше мәселе көтерді. Солардың бірі – ауыл маңындағы «Приарал», «Бекназар» «Қайролла» су каналдарын тазалауға қаржы бөлу. Егіншілікпен етене айналысатын тұрғындар «ауыл маңындағы арықтар тазаланып, гидротехникалық құрылғылар күрделі жөндеуден өтсе, осы су жүйесі арқылы су тартылса» деген өтініштерін айтты.

Өз кезегінде аймақ басшысы айтылған ұсыныстардың барлығы аяқсыз қалмайтынын жеткізді. Тиісті басқармаға жүктеп, аталған ұсынысқа қатысты жұмыс істеуге тапсырма берді.

Қуанышбек Ысқаков әрі қарай Қазалы ауданындағы «Майдакөл», «Ү.Түктібаев», «Қожабақы», «Бозкөл» ауылдарында болып, жұртшылық жағдайымен танысты. Аталған елді мекендердің тұрғындары балабақша мен клуб үйін жаңартуды сұрайды.

– Біз өткен екі күндік сапарымызда барған ауылдарға мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жайында айтып келеміз. Осы бағдарлама негізінде сіздер сұраған ғимараттарды жаңадан тұрғызуға мол мүмкіндік бар. Ол үшін не істейміз? Көбіне-көп мұндай шаруаға ел азаматтарын, өз туған топырағынан шыққан кәсіпкер азаматтарды тарту қажет. Ондай ықыласты адам

болса, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жарты жыл ішінде клуб, емхана, спорттық кешендер, балабақша да оңай тұрғызар едік. Әрі бұл игілікті іс кәсіпкердің өзіне де, елге де, Үкіметке де пайдалы, 5-6 жыл көлемінде кәсіпкер шығындаған барлық қаржыны мемлекет толық өтейді. Сонымен қатар, оған қосымша мемлекеттік тапсырыстар алуға да мүмкіндік туады.

Мұндай құрылыстарды мемлекеттің бюджетінен істейтін болсақ, көп уақыт кететіні анық. Жоба-сметалық құжаттарын дайындаудан бөлек, тендер өткізу, қорғау жұмыстары, т.б. шаруалар жыл аяғына дейін созылып кететін жағдайлар болады. Ал мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жұмыс жасаудың тиімділігі осында. Ауыл әкімдері инвестор тауып, осындай мүмкіндіктерді қарастырып дұрыс, – деді аймақ басшысы.

4-бет.

ДҮБІРЛІ ДҮНИЕ

Ұзақ жылдардан бері АҚШ пен Иран арасындағы саяси текетірес соңғы уақытта біршама бәсеңсіген сынайлы еді. Өткен аптада Иракта ирандық белгілі тұлға Касем Сүлейманидің әріптестерімен бірге АҚШ-тың зымырандарының дәл атқылауынан өлтірілуі Иранда жұртшылық наразылығын тудырып, екі ел арасындағы жағдайды мүлдем ушықтырып жіберді. Иранда қайғылы оқиғаға байланысты үш қаралы күн жарияланды. Тегеранда АҚШ саясатына қарсы мыңдаған адам қатысқан шерулер өтті.

Таяу Шығыс: шиеленіске әлем алаңдаулы

Көп ұзамай Иран басшылығы жауап ретінде Ирактағы АҚШ-тың әскери базасының біршама бөлігін қиратып, осы шабуыл нәтижесінде 80 адамның өлгенін жария етті. Әзірге Вашингтон бұл деректі жоққа шығарып отыр. Иран американа базаларына 20 баллистикалық зымыран жіберген. Иран Президенті Аятолла Хаменеи американа әскерлерінің кетуін талап еткен.

Әлем жұртшылығы екі мемлекет арасындағы жанжалдың әлемдік ауқымдағы соғыс өртің тудыруы мүмкін деген қауіпті де жоққа шығармады. Бірақ екі жақ бір-біріне ауызекі док көрсетуден әріге бармады. АҚШ президенті Дональд Трамп Иранмен соғыстың болмайтынын, бірақ ол санкциямен ауыздықтала-тынын мәлімдеді. Сондай-ақ, Америка басшылығы Иранның ядролық қаруды иемденуге жол бермейтінін еске салды.

Болған оқиғаға әлемнің бірқатар белді мемлекеттері өз ұстанымын білдіріп, екі жақты мәмілеге шақырды. Ұлыбритания қауіпсіздік шараларын ойластырып, өз азаматтарын Ираннан кері шақырып алды. Екіжақты соғыстың басталу мүмкіндігін болдырмас үшін британ сарапшылары

Иранға аттандырылды. Бірқатар америкалық бұқаралық ақпарат құралдары Ирактың АҚШ-ты зымыран шабуылы жөнінде алдын ала ескерткенін мәлімдеді. Бұл өз кезегінде зымыран шабуылының зардаптары мейлінше аз болуына негіз қалаған сынайлы. Бұл туралы Ирактың сыртқы істер министрі Мохаммад Джавад Зариф хабарлар еткені туралы айтылады. Қалай болғанда да үлкен саясатта барлығы да болуы мүмкін. Біреулер жанжалдан өзіне ұпай жинайды. Екіншілері де қалыс қалмай өз мүддесін қорғағысы келеді.

Әзірге жағдай әлем жұртшылығы қауіптенгендей күрделі сипат ала қойған жоқ. АҚШ жағдайды тұрақтандыру үшін Иранмен келіссөздер жүргізуге дайын екенін мәлімдеді. Таяу Шығыстағы жағдайдың қаншалықты тұрақты болуы алдағы уақытта осы өңірдегі мүдделері тоғысқан бірнеше елдердің қадамдарына байланысты болады.

Сонғы деректер бойынша аталған жанжал салдарынан әлемдік мұнай нарығындағы баға ә дегеннен 4 процентке өскен.

«СБ» саясат.

АБАЙ – 175

Бәрін айтып кеткен ғой Абай ақын

Ұққан жанға нұр болып таралатын, Бәрін айтып кетіпті Абай ақын. Неден қашық, неге асық

болу жайлы, Ұрпақтарға қалдырған аманатын.

Бес нәрсені есіңе салады ақын, Талап, еңбек, рахым, ой, қанағатың. Соларға асық, соларға ұмтыл дейді, Өн бойына өнеге таралатын.

Барлығы да талаптан басталады, Онсыз міндет қоймайсың асқаралы. Онсыз мүлдем алдыңнан

ашылмайды, Мына тылсым дүниенің тас қамалы.

Қай кезде де еңбектің жөні басқа, Еңбекпенен жаралған бәрі баста. Еш мұратқа еңбексіз

жете алмайсың, Еңбексіз еш тимейді ерін асқа.

Іс бола ма әуелі ойлап алмай, Тереңіне боласың бойлағандай. Қай кезде де ой жолдас, ойың серік, Ой әр іске берілген жолдамандай.

Жан жылуың рахым, шапағатың, Өзгелерге мейірім, махаббатың. Қанағаттың қашанда орны бөлек, Бақ пен ырыс, байлыққа апаратын.

Қою жайлы тағы ақын тіл қатқан-ды, Өтірікті, өсекті, құр мақтанды. Еріншектік, босқа мал шашуды да, Сырттай айтқан сыпсың сөз, сырғактауды.

Өтіріктің, өсектің, мақтаныштың, Қай кезде де жанына батқаны шын. Ажарлы ғой әр адам қай кезде де, Адал айтып, адал дәм

татқаны үшін.

Еріншектік ерге сор, мін емес пе? Қашық болар бес істің бірі емес пе?

Бос мал шашу, мақтаныш неге керек, Құрғақ ақыл, мәз болып құр елеске.

Бәрін айтып кеткен ғой Абай ақын, Қашық болар істің де қадап атын. Адал өсіп, өңсін деп адал жүріп, Ұрпағына қалдырған аманатын.

Үш пірім

Бас иген байтақ әлемім, Теріскей, күнгей, түстігім. Бас иген және бар елім, Бар менің дара үш пірім.

Даналық ойдың төрінде, Ту болып тұрар құламай. Жарқырап жырдың көгінде, Толықсып, толқып туар Ай, Бірінші, пірім, бұл – Абай.

Атағы таудай тым биік, Жанары жарқын тұнған нұр. Алатын күнде бір құйып, Ағыл да тегіл жыр жаңбыр, Екінші пірім, бұл – Жамбыл.

Аңыздан артық ақиқат, Қиялдан озған шындық бар. Бар сөзін тыңдап, мақұлдап, Бас иген мұхит, құрлықтар Үшінші пірім, бұл – Мұхтар.

Өмірден қанша сыр ұғам, Сыбағам қанша тіріде. Киалған кезде сиынам, Киелі осы үш піріме.

Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.
Қызылорда.

\$ 376,5

₽ 6,16

€ 417,8



www.facebook.com/syrboyi.kz/



https://twitter.com/syrboyi



www.instagram.com/syrboyikz

Абай және ХХІ ғасырдағы



Ұлттық болмыстың үлгісі

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнамайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қанға түседі.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз» деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу.

Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламамад және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы кез келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек.

тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүйюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың сана-сына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Мемлекет ісінің мүдделесі

Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек.

Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал.

Ұлы ақын өзінің шығар-

жоқ. Елге билік жүргізетіндерге жұрттың көңілі толмайтынын да аңғартады.

«Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ» замандастарымыз көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн. Мемлекет пен қоғам өкілдері түйткілді мәселелерді бірге талқылап, шешімін табу мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Кеңес формальды сипат алып кетпеуі үшін оның мүшелерімен арнайы кездесіп, жұмысын жіті қадағалап отырмын.

Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген.

Қазір Қазақстанда саяси жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Елбасының қолдауымен билікке басшылардың жаңа буыны келе бастады. Соған қарамастан, елімізде түбегейлі саяси өзгеріс керек деген ойлар да жиі айтылып жатады. Бірақ бұл мәселе бойынша ұлттық мәмілеге келудің, мемлекет мүмкіндіктерін шынайы бағалаудың және жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор.

Өзгеріс деп байбалам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жай ғана популистік идеяларға табан тірейді.

Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипат алды. Әлемнің түкпір-түкпірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткісі келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазға құмар адамдар туралы Абай: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып» дейді. Расында, бұл – кез келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс.

Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені кор, өзімізді зор санау, дау

оның болашағына күмәнмен қарайды.

Себебі әлемде бай мен кедейдің, білімді мен білімсіздің, қала мен ауылдың арасы алшақтап кетті. Бұл үдерістің қарқыны барған сайын күшейіп келеді. Бизнес тек пайда көздесе, білімділер бөлек орта қалыптастырды, әрқайсысы өздері үшін ғана жауапкершілік арқалайтын болды.

Қалалар тез өсіп-өркендеп, шағын елді мекендердің дамуы тұралады.

Ғалымдар мұның барлығы әлеуметтік жауапкершіліктің әлсірегенінен деп есептейді.

Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты.

Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызды. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзіншілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек» деп, адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, жылы жүрек керек екенін айтады.

Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы.

Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Өзі асқа жарымай қиналаса да, бір тілім нанын бөлісіп жеуді парыз санаған. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған.

Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін.

Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шыңдап отыруды құп көреді. Сонымен қатар орынды әрекеттің уайым-қайғыны жеңетінін дәлелдеп, масылдықпен күрестің психологиялық қырларына терең бойлайды. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интелектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған.

Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жомтық, Аздырар адам баласын», «Өзіне сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды сана-сына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек.

Халқымыз еңбектің қадірін біледі. Біз ата-аналарымыздың тылдағы ауыр еңбегі жеңіске жетелеген орасан күшке айналғанын ұмытқан жоқпыз. Қазір де қарапайым еңбек адамдарының үлгілі істері жетерлік. Жақында солардың біразы мемлекеттік наградармен марапатталды.

Ең бастысы, бүгінгідей бейбіт кезеңде әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет.

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбек-қорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында ақылмен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы кара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» деп тұжырым жасайды.

Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші кара сөз). Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын. Сондықтан біз бүгінгі таңда шикізатқа тәуелділік психологиясынан арылуды, шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді негізгі басымдықтың бірі ретінде белгілеп отырмыз.

Әлемдік мәдениеттің тұлғасы

Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз.

Мен көп жылғы дипломатиялық қызметімде басқа елдердің саясаткерлерімен, түрлі сала мамандарымен жиі кездестім. Шетелдіктермен адамзатқа ортақ көптеген түйткілді мәселе туралы пікір алмасып, ой бөлістім. Жалпы, олар Қазақстанның саяси және экономикалық жетістіктері жөнінде жақсы біледі. Ал рухани және мәдени құндылықтарымызбен жете таныс емес. Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?» деген сұрақ туындайды.

Ғұлама Абай – қазақ топпырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үнілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады.

Абайдың асқан ойшылдығы оның діни талғам-танымнан да айқын көрінеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас» дейді. Бұл ой-тұжырымға Шығыс пен Батыс философияларының еңбектерін терең біліп, зерттеп, зерделеп барып жеткені анық. Ал отыз сегізінші кара сөзінде Аллаға деген көзқарасын толық білдіреді.

Абайдың рухани өресіне баға берген дінтанушы философ ғалымдар оның «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударады. «Кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтыла керек. Міне, біздің ойышыл Абай, хакім Абай – әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктік беретін тұлға.

Елордада барлық діннің басын қосып, дәстүрлі жиын өткізіп келе жатқанымызды білесіздер. Мұндай іс-шаралардың мақсаты мен ұлы Абай ұстанымының арасында өзара үйлесімділік бар.

Ақынның барша адамзат баласының жан дүниесін тазалығын сақтауға деген ниеті бәрімізге ой салады.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. Бірақ бұл – Абайды танудың бір қыры ғана. Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Ол



баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылууда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет.

Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең

маларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті.

Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орынады.

Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамам дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды. Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі. Үкімет мүшелері, соның ішінде министрлер мен әкімдер мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар мәселелерге қатысты шешім қабылдаған кезде азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін ескеруі керек. Мұны Абай мәңзеген әділетті қоғам қалыптастырудың бірден-бір шарты деп білемін.

Ұлы ақын «Желелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды» дегенді бекер айтқан

қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптап білуіміз қажет. Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал. Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, тигіліген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық.

Осындай саясат жүргізген кезде ғана барлық стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізіп, Қазақстанды озық дамыған мемлекеттердің қатарына қоса аламыз.

Жаңа қоғамның жанашыры

Жаңа Қазақстанның өзе-гін жаңа қоғам құрайтыны анық. Бұл ретте, ең алдымен, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге баса мән беруіміз керек. Сондай-ақ, қоғамның дамуына кедергі келтіретін, береке-бірлігімізге ірікті салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажет.

Бүгінде дүние жүзіндегі бірқатар интеллектуалдары классикалық капитализм дағдарысқа тап болғанын ескертіп,

Қазақстан

әлемнің кең таралған негізгі тілдеріне барлық бояуын сактай отырып аударылуы тиіс. Бұған біз толық қол жеткізе алдық деп айту қиын. Нағыз ұлт акындарын өзге тілдерге аудару – онай шаруа емес. Аудармашы да сол ойшылдың деңгейіндегі талант болуы керек. Біздің абайтанушы ғалымдарымыз, тіл мамандары мен жанышар азаматтар осы мәселеге ерекше мән бергені жөн.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани казынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер.

Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға» деген болатын. Шынында да, дана акын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ казынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр.

Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Хәкім Абайдың қара сөздеріне балама еңбек іздесек, француз ойшылы Монтеннің жазбалары ойға оралады. Десек те, Монтен өз болмысы мен адам тұлғасы жөнінде көбірек ой толғаса, Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері – аса құнды еңбек.

Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұл-



Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың кастерлі борышы.

Торқалы тойдың тағылымы

Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның

жақты зерделеніп, оның шығармашылығын ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанның игілігіне пайдалануға жол ашылады.

Маңызды жобаның бірі – ұлы акынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады. Акынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы ролі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі.

Акын тойынан өнер саласы да тыс қалмайды. Республикалық және халықаралық деңгейде театр және музыка фестивалдары өтеді. Биылғы бәйгелер Абай шығармашылығына арналады. Әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді «Абай атындағы мемлекеттік сыйлық» деп аталатын болады.

Мерейтой жылы аясында Абайдың кастерлі мекені – әйгілі Жидебайды абаттандырып, ұлы акынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасау қажет.

Сонымен қатар Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек.

Жидебайда музейге арнайы лайықталған «Абай мұрасы» атты жаңа ғимарат салу қажет.

1918 жылы Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов негізін қалаған, 1992 жылдан бері қайта шыға бастаған «Абай» журналына мемлекет тарапынан қолдау көрсету керек.

Осы және басқа да ауқымды шаралар ұлы Абайдың рухына тағзым етіп, оның мол мұрасын дәріптеу үшін өткізілмек. Ендеше, бүкіл Қазақстан халқын осы игі бастамаға белсене атсалысуға шақырамын.

Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз.

Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуы тиіс деп білемін. Абай сыны – ауыр сын, сындарлы сын.

Елбасы бастап, ел қостап, биік белестерді бағындырдық. Озық елулікке кіреміз деп мақсат қойдық, ол мақсатқа мерзімінен бұрын жеттік.

Озық отыздыққа қосылуды межеледік. Ол межеге де жетеміз. Сол межеге жетуге де бізге Абай мұрасы көмек бере алады. Ендігі мәселе – біз Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей аламыз ба?

Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруы тиіс. Әр азамат осы тойдың алдында еліміз, елдігіміз жөнінде терең ойланса дейміз. Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Басқасын былай қойғанда, акын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба деген ойдың төнірегінде толғансақ та талай жайға қаныға аламыз.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын кастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақилын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде өселеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

«Egemen Qazaqstan»
gazeti.

ПІКІР

Ұлы ақын ұлағаты

Еліміздің бас басылым «Egemen Qazaqstan» жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деп аталатын мақаласын қанағат сезіммен оқып шықтым.

Қазақстан Президенті мақала тақырыбында айтылып тұрғандай, біздің ғасырмыздағы тәуелсіз еліміздің болашақ өрісіне терең ой жібереді. Жастарымыздың ғылым игеруі және өз тілін құрметтеуі халқымызға тек қана игілік әкелетінін, қазір ақыл-оймен озатын заман екенін еске салады. Осыған орай «... Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет» – дейді Президент.

Осындай биік парасаттылықты саралай келе халқының алға озып, білім қуып, өнер үйренуін айтумен өткен Абай феноменінің бүгінгі орнына тоқталады.

Президент мақаласында өткен жылы Абай шығармаларынан үзінді оқу эстафетасының өткенін, оған өзінің де қатысқанын тілге тиек етті. Шынында, акын шығармаларын оқу эстафетасы бәріміздің ішкі дүниемізге ерекше сәуле түсірген керемет бастама болды.

Сонымен бірге, Қасым-Жомарт Кемелұлы биыл Ұлы Абайдың 175 жылдығына мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отырғанын еске салып, «мұның бәрі той тойлау үшін емес, ойды кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек» дейді.

Сол іс-шаралар қатарында Абай шығармаларын ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне аудару мәселесі де бар. Бұл дерек бізді ерекше қуантты. Себебі, ұлы ойшылымызды жаһан жұртына

танытудағы тағы бір оңтайлы іс осы болмақ. Бұған қоса ұлы акынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы ролі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсірілетіндігі де ақжолтай хабар болып отыр.

Осынау дүбірлі де тағылымды шараға Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының да үлесі қомақты болмақ.

Аталған мерейтой аясында республикалық акындар айтысы, «Көзімнің қарасы» атты облыстық вокалистер конкурсы өткізіледі.

Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық қазақ музыкалық драма театрында Е.Төлеубайдың «Абай» спектаклі, Сыр өңірінде алғаш рет А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсынан үзінді қойылады.

Сонымен қатар, облыс халқының Абай әлемімен жақын танысуына жағдай жасау, қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің Қызылорда қаласына арнайы шақырумен көшпелі көрмесі ұйымдастырылады.

Ұлы акынның асыл мұрасын насихаттау, шығармашылығы арқылы жеткен ұлттық-танымдық тәрбиені жас ұрпақ бойына сіңіру мақсатында облыстағы барлық мәдениет, өнер және архив мекемелері белсенді атсалысып, түрлі форматтағы іс-шаралар мен жұмыстарды жүзеге асырады. Барлық аудандарда Абай әндерінен концерттер, конкурс-байқаулар және облыс кітапханаларында тақырыптық көрмелер өткізіледі.

Бұл игі шаралардың басты мақсаты Президентіміздің өз мақаласында айтып отырғанындай, «Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз» деген қағидаға негізделген.

Мира ӘБУОВА,
облыстық мәдениет,
архивтер және құжаттама
басқармасының
басшысы.

Ұрпақтың бағыт алатын темірқазығы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” мақаласында Абайдың бізге берер ілімін, оның шығармашылығын айта келе бүгінгі көкейтесті мәселені қозғау арқылы көптеген дүниені көрсеткен. Мен мақаланың абайтану жайында айтылған ойына тоқталғым келеді.

Мемлекет басшысы “Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет” деді. Абайды ұзақ уақыт бойы зерттедім, әлі де ізденіп келемін. Оны танып-білу бір жылдың еншісіндегі дүние емес. Абайды оқыған сайын көп нәрсеге көзін жетеді. Бүгінгі қоғамда бәсекелестік орын алып, көреалмаушылық көбеюде, құр даңғазалық пен менмендік басым. Оның барлығы әдебиетпен терен сусындамағанның кесірі. Абай бұл туралы екі ғасыр бұрын

айтып кеткен. Осыдан-ақ оның нағыз философ, данышпан екенін көруге болады. Мәселен, бір ғана “Ғылым таппай мақтанба” деген өлеңін алып қарасаң, өлеңнің әрбір жолы тәлім-тәрбиеге жетелейді. Сондықтан акын айтқан бес асыл істі меңгермеген адам толық адам бола алмайды. Өйткені, сол асыл қасиеттердің азайып, бес дұшпанның көбеюі адамның жұтандануына, ынсапсыз болуына әкелуде. Ал, осының алдын алу үшін мектеп оқулықтарында Абай шығармаларын, сондай-ақ, М.Әуезовтің барлық еңбектерін толығымен енгізу қажет. Президент “Абай орталықтарын” Қазақстанның елшіліктері жанынан құру жайын баса айтты. Мұндай орталықтар әр облыс, аудандарда, тіпті, мектептерден ашылса, жөн болар еді. Сонда ғана біз Абайды танып қана қоймай, әлемдік деңгейдегі мәртебесін одан сайын көтерер едік. Өсіп келе жатқан ұрпақ та акын сөзін өзінің темірқазығына айналдыратын болады.

Абат ЖОЛДАСОВА,
филология ғылымның
кандидаты,
абайтанушы.

Абай – дана, Абай – дара

Отандық баспаларда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халқымыздың дара, дана ойшылы, акын Абай Құнанбайұлы жөнінде «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көрді.

Абай – халқын алға жетелеп, өнер мен білім, ғылым үйренуге үндеген әлемдік деңгейдегі кеменгер. Биік парасатымен ұлттың ойын, қазақ жазба өнерін келесі деңгейге көтерген, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Адамзаттың ой-кеңістігін еркін аралап, толық адам болып қалыптасудың жолын айтқан тұлға елді ел болуға шақырған.

Абайдың 175 жылдығына орай Мемлекет басшысы «Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындайтын жұмыстарын бастап

кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр» деді.

Игі іске жастар – біз де өз үлесімізді қосамыз. Мақалада ел Президенті Абай сөзі ұрпақтың бағыт алар темірқазығы екендігін ерекше атап өтті. Иә, заман мен қоғам қанша өзгерсе де, бүгінгі буын Абайға жүгінгенде ғана, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрекпен іс бастағанда ғана туралықтан аласпайтыны анық.

Ұлы ойшылдың әрбір жазбасы, әрбір сөзі ғасырлар өтсе де, өзінің бай құндылығын жоғалтпайды. Ақыл, өсиеттері қазақ жастарына таусылмас ақылдың кені және ұлттың руханият байлығы болып қала бермек.

Талғат ТІЛЕС,
облыстық «Jas Otan»
жастар қанаты төрағасы.



тымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс.

Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені акынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы.

Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын.

Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауы тиіс. Бұл – ұлы акын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесіп өткізілетін «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ең басты шараға айналады. Сондай-ақ, қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференция өтеді. Бұл жиындарда Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан-

Шалғайдағы ауылдың мәселесі шет қалмайды



Бір қуанарлығы, жоғарыда айтылған ауылдардың көбінде жол қатынасы жақсарған. Ауыз су жүйесі әр үйге тартылып, көшелерге тас төселген. Мектептер толық жанар-тылған.

— Былтыр ерекше жыл болды. Ауылымыздың іші жөнделіп, 7 көшеге қиыршық тас төселді. Бұрынғыдай суды көшедегі құбырдан тасымалымыз. Үйге тікелей тартылған. Тұрғындар саны жылдан-жылға артып келеді,— дейді Ү.Түктібаев ауылының тұрғыны Талғат Егембердіұлы.

Аймақ басшысы Қазалыдан 110 шақырым қашықтықтағы «Қызылқұм» ауылдық округіне қарасты Кәукей ауылына да барды. Тұрғындармен жүздесті, халық аузынан шыққан кемкетік мәселелерге құлақ асты. Айта кету керек, аудан орталығынан Кәукейге дейін жол қатынасы жақсарған. Жол жөндеу жұмыстары барлығы 2 миллиард теңгеден астам қаржыға кезең-кезеңімен іске асып жатыр. Республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, 1978 жылдан бері жөндеу көрмеген автожолға асфальт төселуде.

— Аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автожолының Бозкөл мен Кәукей арасындағы аралықты жөндеуге жобасметалық құжаттары дайындалған болатын. Соған сәйкес 2018 жылы республикалық және облыстық бюджеттерден жолды жақсартуға қаржы бөлініп, мердігер «Қыран» ЖШС өз жұмыстарын бастап кетті. Бұл құрылыс жұмыстары 3 жылға жоспарланған. Жөндеу жұмыстарының 60 проценті бітті десек те болады. Биылғы жылдың қараша айына дейін жолды бітіреміз деген сенім бар,— дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов.

Бұдан басқа, кәукейліктер ауылға интернет желісі тартылып, жаңа клуб үйі салынуын сұрайды. Әрі осы ауылдық округке қарасты

шағын Ажар елді мекеніне жарық керек. Мамандар түтін саны жиырмадан асатын бұл ауылға күннен қуат алатын қондырғы орнатуға болатындығын айтты. Облыс әкімі Кәукейдегі мектеп оқушыларымен де кездесті. Бітіруші түлектерге мамандық таңдау мәселесіне қатысты өз ойымен бөлісіп, сәттілік тіледі.

Сондай-ақ облыс әкімі «Тасарық», «Бірлік», «Өркендеу» елді мекендеріне барды. Ауыл ақсақалдарымен жүздесіп, тұрғындармен еркін пікірлесті. Бүгінгі таңда тарихы тереңде жатқан Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент шаһарының аумағы қоршалып, оның туристік әлеуетін арттыру мақсатында «Жанкент» стеласы орнатылуда. Өркендеуде болған аймақ басшысы көне шаһар орнына барып, биіктігі 12 метрлік стеламен танысты.

Облыс әкімі 10-ға жуық ауылды орталықпен байланыстыратын «Қарлан» қалқымалы көпірінің жағдайымен де танысты. Біз айтып отырған қалқымалы көпірден «Бірлік», «Өркендеу», «Тасарық», «Лакалы», Қожабақы, «Бозкөл» сияқты ауыл тұрғындары аудан орталығына қатынайды. Күз және көктем мезгілдерінде, сең жүру кезінде

жоғарыда айтылған елді мекендерде жол қатынасы үзіліп, тұрғындар қиын жағдайда қалатыны белгілі. Осы мәселені айтып «Қарлан» учаскесіне темір-бетон көпір салу қажеттігін тілге тиек еткен тұрғындардың өтініші елеусіз қалмады. Ал облыс әкімі «Қарлан» учаскесіне темір-бетон көпір салу үшін техникалық-экономикалық негіздемелері дайын екендігін, енді жоба-сметалық құжаттарына қажетті қаржы бөлінетінін, тиісті жұмыстар жүргізілетінін мәлімдеді.

— Күні кеше «Әлсейіт» учаскесіндегі көпірдің пайдалануға берілгенін білесіздер. Ауданға қарасты 7 елді мекеннің 8 мыңға жуық халқы қатынайтын «Қарлан» көпірінің де маңызы зор. Егер жана темір-бетонды көпір тұрғызылса, ауданның экономикалық дамуына үлесі көп. Сондай-ақ, аталған көпірдің құрылысы «САРАТС-2» жобасына да енгізілген. Жоба құжаттары қабылданса, құрылыс жұмыстары 2021-2022 жылдары басталады,— дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов.

шамдары орнатылды. Біз секілді үлкен адамға бұндай жағдай керек-ақ. Одан өзге жастарға саябақ салып берді. Елде 90 орындық балабақша тұрғызылуда. Бұйырса, биыл немерелерімізді сонда жетектейміз деп отырмыз. Көшелер асфальтталып, ауыл тіршілігі жылдан-жылға жақсарып келеді. Ең шалғайдағы Шәкен, одан әрі Шиліге дейінгі ауыл арасын көлікпен аралап, ел тұрмысымен танысқан аймақ басшысына көп рахмет,— дейді «Майлыбас» ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Рзахан.

Тым шалғайдағы ауылдарды аралап, халық ахуалымен жақын танысқан Қуанышбек Ысқаков тұрғындар көтерген барлық мәселе жіті назарда болатындығын жеткізді.

— Істеліп жатқан жұмыстардың барлығы — Президенттің талабы. Біз — орындаушылармыз. Ел-елді аралап, сіздердің жағдайларыңызды өз көзімізбен көру. Көріп қана қоймай, кемшілік пен жетіспеушіліктің салдарын қарау, барынша айтылған мәселелер бойынша жұмыс жүргіземіз,— деді облыс әкімі қазалылық тұрғындармен кездесуінде.

Міне, осылайша аймақ



Қуанышбек Ысқаковтың төртінші күнгі сапары Абай, «Құмжиек», «Ақсуат» ауылдарында жалғасты. Тіпті, Қазалыдан 110 шақырым алыста жатқан шалғайдағы Шәкенге барып, одан әрі Шилі ауылында да болды. Сонымен қатар, Қ.Пірімов атындағы ауылдың тұрғыны, тыл ардагері, 102 жастағы Мәриям Қожағұлдың үйінде болып, қарияға сәлем берді.

Қазалы жеріндегі осы сапардың соңы «Ақсуат» ауылы болды.

— Былтыр осы ауылдың екі көшесіне түнгі жарық

басшысы Қуанышбек Ысқаков Арал мен Қазалы өңірінде 40-қа жуық ауыл және маңызды нысандар жұмысымен танысты. Ауыл ақсақалдарымен пікірлесіп, маңызды мәселелерді мән беріп тыңдады. Халық айтқан өтініш-тілектің барлығы тиісті қағазға беттеліп, алдағы уақытта қаралатынын айтқан өңір басшысы ең алдымен, шалғай ауылдардағы мәселелердің шешімі шет қалмайтынын ескертті.

Қызылорда-Қазалы-Арал-Қазалы-Қызылорда.



МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) материалдық қиындыққа тап болған отбасы аяққа тұрып кеткенше ғана беріледі. Биылдан бастап ол тоқсан сайын тағайындалып, ай сайын төленбек.

Назерке САНИЯЗОВА.

Жұмыстан бас тартса, көмектен қағылады



Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев мемлекеттік қолдауға қол жеткізудің жаңа тәсілдері туралы айтып берді. Оны алатын отбасындағы еңбекке жарамды азаматтарға жұмыс ұсынылады. Бас тартқан жағдайда АӘК беру тоқтатылады.

— Көмек алатындар үшін мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасына жеңілдетілген тәртіппен шағын несие беру туралы өзгеріс енгізіліп отыр. Биыл облыста 22 мыңнан астам адамды еңбекпен қамту көзделген. Оның ішінде көпшілікті қысқа мерзімді оқыту, «Бастау» бизнес жобасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне баулу, әлеуметтік жұмыс орындарына, «Жастар тәжірибесіне» тарту сияқты мүмкіндіктер қарастырылған. Сонымен қатар, жастар 2 жылға дейін еңбекпен қамтылып, алғашқы жылдың еңбекақысы бюджеттен субсидияланады. «Ұрпақтар байланысы» жо-

басы аясында бағдарлама қатысушысы 18 айға тұрақты жұмысқа орналасып, оған тәлімгер тағайындалады,— деді Б.Жаханов.

Қаржылай көмек өз алдына, енді мектеп жасына дейінгі балаларға азық-түлік топтамасы мен гигиеналық заттар тиесілі.

Биыл 24 мыңнан астам көпбалалы отбасыға мемлекеттік жәрдемақы төлеу мақсатында 17 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп отыр. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы осы ретте төлеу тәсілі өзгерген АӘК жүйесі бойынша көпшілік арасында әлі де түсініспеушілік барын жеткізді.

— Соның бірі — «Еңбек» кодексінің талабына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алушы баласы 3 жасқа толған соң қайта жұмысқа оралуға міндетті. Егер оған мүмкіндігі болмаса, үй жағдайында кәсіппен айналысуы үшін «Еңбек» бағдарламасы аясында жеңілдетілген шағын несие мен қайтарымызсыз гранттар ұсынылады,— деді Т.Дүйсебаев.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Жұмылған істің жемісі

«Дикан жерін анасындай сүйеді, жер диканға баласындай неді» демекші, биыл Сыр жағалауында қоныстанған Қармақшы ауданына қарасты ақтөбелік ағайынның егіні бітік шықты. Жаз бойы дала төсінде бел жазбай еңбек етіп, сол еңбектің арқасында «Алтын күзде» өткен жылғы межеден асып түсті. Жыл қорытындысымен ауылдар арасында үздіктердің қатарынан көрініп, былтырғыдан да мол табысқа кенелді. Мол табыс — халықтың несібесі. Бұл — өз нәпақасын жерден көріп жүрген еңбек адамның жанқиярлық жұмысының жемісі. Осындай меңнатты шаруаның шырайын кіргізіп, күріштен өнім алуда рекорд орнатқан Бақытбек Мұнарбаев «Алтын дән - 2019» мерекелік шарасында марапат биігінен көрінді.

Ол өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде жоғары көрсеткішке жеткені үшін «Озат бригадир» номинациясын жеңіп алды. Бақытбек Кенжебекұлы — «Ақтөбе и К» шаруа қожалығындағы тәжірибелі маманның бірі. Ол осы шаруашылықтағы №1 күріш бригадасын басқарады. Қарамағында 10 күрішші бар. Б.Мұнарбаев дикандармен бірлесе жұмыс істеп, 514 гектар жерге Сыр маржанын егіп, соның басы-қасында өзі жүреді. Күн-түн демей бірлесе еңбек етудің нәтижесінде 68,46 центнерден өнім алған. «Еңкейгеннің еңесін еңбек көтереді» емес пе? Қажыр мен талпыныстың арқасында оның бригадасы үздік атанды.

Ақтөбе ауылында жылдық қорытынды жиын — «Алтын дән» мерекесі өткенде «Ақтөбе и К» шаруа қожалығының директоры Нұрлан Іздібаев дала дикандарының еңбегін бағалап, сый-сияпат жасады. Онда жоғары көрсеткішке қол жеткізген №1 егіс бригадасының бригадирі Бақытбек Кенжебекұлы мен оның ұжымына 3 млн теңге қаржы



табыс етті.

— «Бейнетіне қарай — зейнеті» дейді. Егін жинау аяқталып, қамба астыққа толды. Жұмыла еңбек еткенде жұмыс өнеді, бірігіп көтерген жүк жеңіл. Еңбек — билік мұратқа жетудің жалғыз жолы,— деді бригадир.

Ерсін СӘДУҰЛЫ.
Қармақшы ауданы.

■ МӘМС: ӘЛЕУЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТ

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (МӘМС) күшіне енді. Осы мақсатта өткен жылы ҚР ДСМ бұйрығымен «Өңірлердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізуге дайындығын қамтамасыз ету үшін жедел өзара іс-қимыл жөніндегі орталық штаб» құрылған болатын. Штаб құрамына орталық мемлекеттік органдар тарапынан жауапты қызметкерлер бекітілді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Қолжетімді медицина

Облыстық денсаулық сақтау басқармасында облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жахановтың төрағалық етуімен өңірлік көшпелі штабтың кезекті отырысы өтті. Жиынға ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қоғамменбайланысдепартаментініңдиректоры Ілияс Бәкіров, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ өкілдері, Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы мамандары мен өңірлік штабтың мүшелері, аймақтың медицина қызметкерлері қатысты. Сондай-ақ селекторлық байланыста ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Қамалжан Надыров болды.

— Әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізілуіне сәйкес, медициналық көмек ауқымының 20% ұлғаюына орай, 2020 жылы Қызылорда облысы денсаулық сақтау жүйесінің бюджеті 55156594 мың теңгені құрап отыр, — деді ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Надыров.

Ол, сондай-ақ, амбулаторлық-емханалық көмектің қаржыландыру көлемі де 2020 жылға 12% артып, 1701996 мың теңгені құрағанын атап өтті. Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің басым қаржыландырылуы аймақ тұрғындарын алдын алу шараларымен қамтуға бағытталды. Консультативтік-диагностикалық қаржыландыру көлемі 6 есеге көбейіп, оңалту-емдеу шараларын қаржыландыру 11 есе артты. Амбулаторлық, дәрілік қамтуға тегін медициналық кепілді көмек (ТМККК) және МӘМС жүйесін қаржыландыру 2 есеге артты. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап балаларға рецепт бойынша берілетін дәрілер медициналық сақтандыру есебінен тегін болады.

Мұнан соң министрлік өкілі І.Бәкіров штабтың өткен жылғы отырысында МӘМС жүйесін енгізу бойынша берілген тапсырмалардың орындалу барысын баяндады. Жүйені енгізудегі қиындықтар туғызуды ықтимал өзекті мәселелерді жою бойынша тиісті тапсырмалар беріліп, олардың атқарылуы жөнінде бірінші кезекте, медициналық қызметкерлер каскадты әдіс-тәсілмен қайта оқытылымдардан өткізіліп, бағалау тесттері алынды. Оқыту семинарлар жалғасады.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасы негізінде 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі өткізілген медициналық қызметкерлердің МӘМС жүйесін білу деңгейіне сәйкес бағалау тест аяқталып, облыс бойынша қорытындысы шықты. Одан бөлек, өңірлік штабта берілген тапсырма негізінде бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) көрсететін медициналық мекемелердің дәрігерлерін, орта буынды дәрігерлерін және де тіркеу орнының қызметкерлері каскад әдісімен қайта оқытылымдардан өткізіліп, бағалау тест алынды.

Жиында МӘМС жүйесінен тыс қалып қою қаупі бар өзектендірілмеген азаматтардың саны туралы дерек келтірілді. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-ның облыс бойынша филиал директоры Б.Исмаханбетов 3 қаңтардағы мәлімет бойынша республикада өзектендірілген адам саны 2241934 болса (82,8%), облыста, сәйкесінше, 90644 болып отыр (80,1%). Еліміз бойынша 465689, ал Қызылорда облысында 22503 адам (2,8%) өзектендіруді қажет етеді.

Филиал директоры облыс бойынша 2020 жылға медициналық қызметтер үшін орналастырылатын қаржы көлемі 55156594 мың теңгені, оның ішінде 40612105 мың теңгесі ТМККК (74%), МӘМС жүйесіндегі медициналық қызмет үшін 14544489 мың теңге (26%) құрайтынын жеткізді. Өңірлік комиссия хаттамасы бойынша 53157904 мың теңге медициналық ұйымдарда орналастырылатын болып шешілді. Оның ішінде ТМККК — 39373174 мың теңге, МӘМС жүйесіндегі медициналық қызмет үшін 13784729 мың теңге құрады. Ал қалған 1998689 мың теңгенің (ТМККК — 1238930 мың теңге, МӘМС — 759759 мың теңге) қызметтері қосымша веб-порталда қайта жарияланып, хаттама негізінде орналастырылады.

Облыс бойынша 2020 жылға жоспарланған консультациялық-диагностикалық көмектің КТ мен МРТ тексеру қызметіне 1243131 мың теңге жоспарланды. Облыста 7 КТ аппараты мен 4 МРТ аппараты орналасқан. Ең жоғары жүктеме жағдайында өңірде жылына шамамен 133 мыңнан астам КТ қызметі және 38 мыңнан астам МРТ қызметі көрсетіледі. Медициналық оңалту қызметін көрсететін мекеме саны 2019 жылы — 23, ал 2020 жылға 28 болып, 5 мекемеге артқан. Оның ішінде 18 мекеме — мемлекеттік, 10 мекеме — жеке, ал 2-і мемлекеттік түбектүлзеге қарсы оңалту мекемелері. Қазіргі уақытта медициналық көмектің түрлері орналастырылып, медициналық қызметтерді сатып алу шаралары аяқталды. Сатып алу шарасының нәтижесінде 56 медициналық қызмет көрсетуші қатысты, оның 28-і мемлекеттік-жекеменшік мекеме (50%).

Штаб отырысында жүйені енгізуге атсалуды басқа салалар өкілдері өздері тарапынан атқарылған жұмыстар есебін берді.

■ ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Екі көзің – шырағың

Әжем — тоқсанға келгенше ине сабақтап, тігін тіккен адам. «Іт қорыған жерге өш» демекші, кейде ұлап-шулап маңынан шықпай, мазасын алсақ «мә, мынаны сабақтай беріңдер» деп қолымызға инені ұстата қояды. Сонан әлгінің көзіне жіпті өткізе алмай әжептәуір әбігерге түсеміз. Мұнымызды байқаған ол «алда тұқымың жайылғырлар-ай, жап-жас болып бір инені сабақтай алмай отырғанын қарашы бұлардың» деп, өзі іле сол жіпті ине көзінен жылт еткізетін еді. Біз қарт кісінің көргіштігіне танданатынбыз. Ал мен, керісінше, жастайымнан көру қабілетім нашар болып, азабын бір адамдай тарттым. Әлі де сол.

Айнұр БАТТАЛОВА.



Жалпы «көз — көңіл айнасы», «екі көзің — шырағың, екі аяғың — пырағың» деп жатады халқымыз. Расында, адам баласы ақпараттың 80 процентін көру арқылы алады екен. Өйтсе де, соңғы уақытта көз ауруларының белең алуы ойландырмай қоймайды. Ересектерді былай қойғанда, көзілдірік киген өрімдей жастарды, балаларды жиі кездестіретін болдық. Жасына жетпей жанырынан айырылған балалардың кейінгі өмірі қалай болар екен дейсін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, әлемде кемінде 2,2 миллиард адамның көзі ауырады. Олардың 1 миллиардтан астамы — дер кезінде емделмеудің кесірінен ауруға шалдыққандар. Біздің елімізде де көз ауруларының артып отырғаны жиі айтылады. Өрине, сықпаған статистиканы санамалап, ауруға ұшыраған балалар мен ересектердің санына бас шайқап, өкініш білдірумен мәселе шешілмейді. Десе де, дүниежүзін, қала берді, республиканы алаңдатып отырған аурудан аймағымыз да шет қалмағаны анық.

Мамандардың пікірінше, бүгінде көз ауруларының ішінде «глаукома», яғни, «су қараңғылық», «катаракта» (көз бұршағының күнгүрттенуі) және «миопия» немесе «близорукость», яғни, жакыннан көріп, алыстан көрмеушілік, сонымен бірге көз қылилығы жиі белең алуда. Бұлардың ішінде туабітті немесе тұқым қуалаушылықтан болатындары бар десек те, дәрігерлер соңғы кезде жүре пайда болған науқастар санының артып отырғанына алаңдаушылық білдіруде. Қазір көз ауруларын емдейтін орталық, клиникалар бар. Солардың бірі — көпбейінді облыстық аурухана базасында орналасқан офальмохирургия орталығы 2016 жылы ашылған. Онда қабылдау бөлмесі, глаукомалық кабинет, ота жасау бөлімі бар. 50 төсек-орынның 10-ы күндізгі стационарға арналса, 20-сы көз аурулар, 20-сы ақылы емдеу бөлімі. Орталық жетекшісі әрі облыстың штаттан тыс бас офальмологы — Сәкен Шілмановтың айтуынша, мұнда 8 дәрігер, 30-дан астам орта және кіші буын медицина қызметкері жұмыс істейді.

— Орталықта жылына 2000-нан астам науқас емделеді, 1700-1800 науқасқа ота жасалады. Катарактаға, глаукомаға, қылилықты түзетуге ота жасаймыз. Оған қоса жарақат алғанда көмек көрсетіледі, көздің қабынуын, ақ түскенді емдейміз. Науқастар аудандық, қалалық емханалардың көз дәрігерінің жолдамасымен портал арқылы келеді, порталмен келген науқастар тегін емделеді. Онан бөлек күндізгі стационар, ақылы емдеу бөлімі бар. Біздің бір үлкен жетістігіміз — офальмология орталығының құрылуы, оның ішінде глаукома кабинетінің жасақталуы. Осыған қол жеткізу үшін қанша жыл жүгірдік. Глаукома — қазіргі кезде ең жиі кездесетін көз ауруы. Қазақтар оны әу баста «су қараңғылық» деп атаған. Ол — жазылмайтын дерт. Сондықтан оның алдын алу, ауру енді басталып келе жатқаннан дұрыс ем қабылдау маңызды.

Егер тағайындалған дәрі-дәрмегін уақытымен тамызып, дәрігер айтқан мерзімде тексерулен өтіп жүрсе, ондай науқастарда асқыну болмайды. Ал дәріге көнбеген жағдайда көз қысымын түсіру үшін ота жасалады. Глаукомамен 30-40 жыл өмір сүріп жүрген адамдар бар. Бірақ ол үшін ауруды нақты анықтап, керек кезінде ота жасалуы тиіс. Оған арнайы құрылғы қажет. Кабинет ашуға сол кездегі облыс әкімі Қ.Көшербаевтың қолдауымен 75 млн теңге бөлінді. Соның 35-40 млн теңгесіне көздің компьютерлі томографиясын алдық. Құрылғы бізге көп көмегін тигізуде, — дейді ол.

Сондай-ақ, орталықта УДЗ аппараты, микроскоптар, көзді суретке түсіретін, ота жасайтын аппараттар мен құралдар, лазерлік құрылғы бар. Мұнда келетіндердің 80 проценті катарактамен келсе, онан кейінгі орында глаукома, сосын көз қылилығы тұр.

Бас офальмологтың айтуынша, облыста барлығы 40-тан астам көз дәрігері офальмологиялық көмек көрсетеді екен. Олар аудандық, қалалық емханаларда, жеке клиникалар мен кабинеттерде жұмыс істейді. Аймақта ересектер көз дәрігері жеткілікті болғанымен, балалар көз дәрігерінің тапшылығы бар.

— Аймақта балалар көз дәрігері тапшы, 7-8 маман керек. Мәселен, аудандар бойынша Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Қармақшы, Аралда бір ересек, бір балалар көз дәрігері, яғни, екі маманнан болса, Жалағашта бір ғана ересектер көз дәрігері бар, — дейді Сәкен Бабаомарұлы. Ал қалалық емханалар бойынша №1 емханаға балалар көз дәрігері керек болса, №3 емханада бір маман деректтік демалыста болғандықтан, бір дәрігер араластырып қарауда. Ал «Сенім» емханасында, №4, 2 емханада балалар көз дәрігері мүлдем жоқ. Талапқа сәйкес 10 мың халықтан асса, 1 балалар көз дәрігері болуы керек. Өкінішке қарай, бұл талапты орындай алмай отырмыз. Оның себебі не дегенге келейік. Өзіңіз білесіз, кезінде жоғары оқу орындарында педиатрия факультеттері жабылды. Соның салдарынан бүгінде балалар дәрігерлеріне тапшылық туындап отыр.



сету орындарының бірі — №3 емхана 60 мыңнан астам тұрғынға медициналық қызмет көрсетеді. Мұнда көз ауруларымен тікелей жұмыс істеп отырған офальмолог-дәрігер — Толқын Таңатова жас болса да, өз ісіне төселіп қалған. Дәрігердің жұмысы қашан да қауырт. Алдын ала жазылып келетіні бар, шұғыл көмек қажет ететіні бар күнделікті жұмыс уақытында 15-20 науқасты қабылдайды. Толқынның айтуынша, ересектер арасында катаракта, глаукома аурулары белең алып тұрса, балалар арасында миопия өршіп тұрған көрінеді.

— Конъюнктивит, яғни, көздің дәнекер қабығының қабынуы да қазір маусымдық кезең болғандықтан жиі орын алуда. Ол суықтан, вирустан болады. Бүгінде екінің бірі миопиямен ауырады. Әсіресе, бұл ауру балалар мен жасөспірімдер арасында белең алып тұр. Компьютер, ұялы телефонды үздіксіз қолдану салдары осыған итермелейді. Өзіңіз білесіз, кішкентай балалар ұялы телефонға, планшетке үйір. Ата-аналары бала тыныш болса болды деп қолына беріп қояды. Бір нәрсеге ұзақ қарап отыру көз бұлшық етінің жиырылуына әкеледі. Ал бұл өз кезегінде көздің көру қабілетін нашарлатады. Сол себепті бізге келетін балалардың көбісі алыстан көрмеушілікке ұшырап жатады, — дейді ол.

Былтыр дәрігер қарауында 13041 адам болса, оның нақты аурулармен келгені — 8386. Оның ішінде 7670-і ересек, 213-і жасөспірім, 503-і бала. Ал 2018 жылы 13865 адамның аурулармен келгені 6048. Оның 4186-сы ересек, 326-сы жасөспірім болса, 968-і бала. Ал былтыр диспансерлік есепте тұратындар саны 304-ті құраған.

Емханада көз ауруларына алғашқы көмек көрсетуге арналған құрылғылар бар. Атап айтқанда, ең қажетті деген көз қысымын анықтауға арналған бесконтактная тонометрия, авторефактокератометрия аппараттары ауруды анықтауға мүмкіндік береді.

Өйтсе де, дәрігер балалар көз ауруын емдеуде қиындықтың бар екенін жасырмады. Әсіресе, балаларға консервативті, яки, сүйемелдеуші ем жасауда жатып емделетін орынның болмауы

біршама кедергі келтіреді екен. Нақтырақ айтқанда, консервативті емде көз тамырына ине шаншу, арнайы аппараттар арқылы ем-шара жасалады. Дәрігердің сөзіне, балалардың осы емді жатып алуына бізде жағдай жоқ, арнайы төсек-орын қарастырылмаған. Бұл орайда науқас «Шырақ» жеке клиникасына жіберіліп, сол жерде тек аппаратпен ғана емін алады екен. Сондықтан біздегі мамандар әзірге амбулаторлы ем беруге ғана мүмкіндіктері бар, яғни, науқасқа ішуге дәрі беріп, көзілдірік тағайындап жібереді. Көз өте нәзік болғандықтан, ине шаншуға балалар көз дәрігерінің ғана құқы бар, өйткені қауіпті. Ересектердің өзіне де көз дәрігері ғана ине шаншуы керек. Өткен жылға дейін балалар консервативті ем алуға Алматы қаласына жіберіліп келсе, ол да тоқтатылған секілді.

Бас офальмолог С.Шілманов балалар ауруханасында арнайы «балалардың көру қабілетін қорғау» кабинетінің жұмыс істейтінін, сонымен бірге облыстық перинаталдық орталығында ретинальды камера аталатын құрылғының бар екенін айтты. Ол жаңа туған балалардың көру қабілетін тексереді. Сондай-ақ, облыстық балалар аурухана-сынан көз ауруымен ауыратын жеткіншектердің жатып ем алуына арналған 5 төсек-орын ашуға ұсыныс беріліп жатқанын алға тартты.

Аймақта көз ауруларын емдейтін біршама орындардың бар екенін айттық. Солардың ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде, яғни, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жұмыс істейтін жеке клиникалар да бар. Солардың бірі — «Дария Мед» жеке клиникасы. 2015 жылы ашылған. 2016 жылдан бері тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі негізінде қызмет көрсетуде. Клиника директорының орынбасары Гауһар Баймаханованың айтуынша, мұнда жылына 1900 науқас емделеді. Науқастар облыс деңгейінде аудандар мен қаладан арнайы жол-дамамен келіп, күндізгі стационарда емін алады. Клиникада төрт офальмолог-дәрігер жұмыс істейді. Заманауи құрал-жабдықтармен жарақталған. Негізінен ересектерге көмек көрсетіледі. Жолдамалар бөлек, өз бетінше келіп, ақылы қаралатындар да бар. Олардың саны шамамен жылына 1500-ді құрайды екен. Мұнда диагностикалық кеңес беріледі, көздің тор қабығын лазермен бекіту жасалады және күндізгі стационарда консервативті ем жүргізіледі. Лазерлі хирург Назгул Бекбауылованың айтуынша, уақыт өткен сайын көз ауруы жасарып жатыр. Ол әлеуметтік маңызы бар аурулар қатарында. Мысалы, глаукома бұрын 50-60 жастағылар арасында кездессе, қазір оған қырыққа жасындағандар шалдығуда. Сонымен қатар балалар арасында миопияның белең алып отырғанына алаңдаушылық білдіреді. Жалпы, көз аурулары өршуінің түрлі себептері бар екен. Соның ішінде қант диабетінің белең алуы елеулі әсер етіп отыр.

— Өкінішке орай, қант диабетіне шалдыққан балалар да, үлкендер де көбейіп тұр. Ал бұл ауру адамды көз жанырынан айыратын қауіпті дерт екенін бірі білсе, бірі білмейді. Қант диабеті көз тамырларына әсер етеді. Онымен ауыратын адамның уақыт өте келе көз түбінде диабет ретинопатиясы пайда болады. Сонымен бірге, қазір адамның көбі стресспен жүреді. Стресс те — көзге әсер ететін факторлардың бірі. Сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдер арасында миопия, яғни, алыстан көрмеушілік белең алып отыр. Оған да түрлі себеп бар. Ең бастысы — жеткіншектеріміздің ұялы телефонды, планшетті, компьютерді үздіксіз қолдануы. Қазір бесіктен бөлі шықпаған балаларға телефон беріп қоямыз. Тек жыламаса, мазаны алмаса болды дейміз. Бірақ оның зияны ертеңгі күні сан соқтырып жүрмесін деңіз. Телефонға сағаттап үніліп отырған баланың көз бұлшықеті жиырылып қалады. Сонан көздің көруі нашарлайды. Біз ересектерге ем жүргізгенімізбен, алып келген баланы қайтармай, тексеріп, кеңес те береміз, — дейді дәрігер.

Сонымен мамандар көз ауруының алдын алуда, әсіресе жеткіншектерде көз кінәратын болдырмауда компьютер, ұялы телефоннан баланы алшақ ұстау қажеттігін, есесіне саламатты өмір салтын ұстауға баулудың маңызы зор екенін айтады. Қысқасы, ертеңгі еңніміз дұрыс болсын десек, жастың жанырына бүгіннен жауапты болғанымыз абзал секілді.

Фариза апа

...Қазақтың даңқты қыз-дарының бірі — ақын Фариза Оңғарсынованың өмірден өткеніне бес жылдан асты. Тірі болса, биыл желтоқсан айында 80 жасқа толар еді...

Мерейтойлық датаға орай әр жерлерде Фариза апама арналған һәм бағышталған кештер, еске алулар, дұғалы астар өткізіліп жатыр. Жұрттан апамды сағынған көңілдердің лебізі мен аңсаған жүректердің лүпілі аңқиды. Фариза ақын туралы қаншама жан тебірентерлік пікірлер естимін, көлдей мақалаларды оқимын. Түсінгенім, «Фариза кетті, талантты кісі еді, маған мынадай жақсылығы өтіп еді, бәленшеге бүйтіп еді, түгеншеге сүйтіп еді» деп, социальдықты таланттың — поэзия падишасының өмірден өткеніне «иланған» һәм өлімін «мойындаған» ниеттердің көптігі... Бірақ менің жүрегімде апам әлі менімен бірге, қасымда, күнде дастарқанымда, сөремеде, төрімде. Осы уақытқа дейін солай.

...Есімде ғой апамның қайтқан күні... қаңтардың 23-і, ақтүтек боран.... «Жазылып кетеді»... «осы ем курсын алған соң бұрынғысынан жақсаралды да, ауруханадан шығып, апам қайтадан қасымызда жүреді» деп ең соңғы күнге дейін ойлаппын. Олай ойламауға себеп те жоқ емес. Ауруханаға барған сайын әдебиет пен өнердің жай-жапсарын әңгіме ететін апам соңғы бір күндерінде ғана «Осыдан аман-есен тұрсам, Астананың төрінде Мендекешке (Сатыбалдиев) арнап қатырып тұрып кеш өткізем» деді. Сөзі нық, даусы ширақ. Айтса жасайтынына, ойға алса, іске асыратынына мүлде күмән келтірмеймін. Оған себеп сонау жылдары — Астанада әлі жастар жиналатын оқу орындары мен мәдени ошақтар тапшы уағында, рухани ұйымдар мен қарақөздердің тап бүгінгідей көбейе қоймаған шағында Фариза апай өзі ұйытқы болып, Сұлтанмахмұт Торайғыровка арнап кеш өткізгенде манайында болдым. Бірнеше ай бойы Сұлтанмахмұттың кітабын қолына алып, қайта «сүзіп» шықты. Бірде үйіне барсам, диванда кітап оқып отыр, мен кіргенде көзілдірігінің астынан «келдің бе?» деп, бір қарады да, «Ал, не жаналығың бар?» деп қықласын маған аударды. Амандық-саулық сұрасып, әртүрлі әңгімелерден соң, апамның көңіл күйінің «орнында» екенін түсіндім. Тіпті, апамның ақын көңілінің қанаттанып тұрғанын байқадым. Оған Сұлтанмахмұт өлеңдерінің қатты әсер еткенін де ұқтым. Шай бөлмеге өтіп бара жатып кенет апам: «... Кесені қолыма алып қарай бердім. Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп»... Сұмдық қой!» деді. Сұлтанмахмұттың «Бір адамғасын» айтып, тамсансып, риза болып келе жатыр. Сол шайдың үстінде Сұлтанмахмұтқа арналған кештің сценарийі, сөйленетін сөз, айтылатын ой, оқылатын өлең... барлығы талқыланды. Апамның сіңдісі Элеонора екеумізге дастарқан мәзірін тапсырды. Сонда Элеонора екеуміз 4-5 астау апамның соғымынан арнайы сыбаға-жіліктерімен асып апарғанымыз, оны тарту ретінен шатасып, апамнан «сөгіс» алғанымыз бар-ды. Торайғыров кешін Фариза апам өзі жүргізді. Сол кеште Астанадағы «мен — зиялының» тайлы-таяғы қалмай қатысып, Сұлтанмахмұттың рухы бір шалқыған күн болды. Сол кештен кейін осы елордада Сұлтанмахмұттың есімін айтқан бір мұсылман көргенім жоқ...

Елорда демекші, астаналық болғанымызға да жиырма жылдай уақыт өтті. Сол уақытымыздың 11 жылдан астамын Фариза апаммен бірге өткізіппін. Апам дүниеден озғалы қаншама жұрт ықыласы естілді. Бірі сағынған, бірі күрсінген, бірі жоқтаған... Арнайы «естелік» кітабы да жарыққа шықты. Жұртшылық «соңғы кезде қасында көп жүрген Елена еді, не дер екен, не жазар екен?» деп күткені де рас. Апам қайтқан сәттен бастап менің телефоныма дамыл жоқ, теларналар: «Фариза апайдың қайтқанына орай жедел хабар түсіріп жатырмыз, келіп сойленізіңі» дейді. «Фариза апам



менің анамдай ғой, анам оң жақта жатқанда, бетімді бояп алып, теледидарда «олай еді, бұлай еді» деп сөйлеп тұрғаным қалай?» деймін. Олай етуге дөтім де бармады. Күнде өзіммен бірге жүретін Фариза апам туралы «естелік» жазуға да санам мен жүрегімді көндіре алмадым. Тек апам қайтқалы өткізген кештерім мен концерттерімде сахнадан рухымен сырласып келемін. Концерт демекші, Фариза апам менің елордадағы ең алғашқы кешімнен бастап, өмірінің соңғы күніне дейін қолдап, демеп өтті. 2002 жылы Қызылордаға «сыймай», анығы «сыйдырмай», Астанаға келген кезімнен бастап, анамдай қамқорлады. Алғаш келгенімде «ті-келей бастығың кім?» деп сұрады. «Менжамал Әлсейітова деген кісі» деймін. Апам: «А, кәдімгі Менжамал ма? Ол өзімнің Менжамалым ғой, дұрыс адам» деді. Менжамалмен де апамның арқасында туыстай араласып, әлі күнге іргеміз алыстаған жоқ. Енді құрылған елордаға келгенімде есігін ашып күтіп отырған көкеміз жоқ, төрт жыл бір оқу орнының жатақханасында тұрдым. Оны да сол кездегі Білім және ғылым вице-министрі Күләш Шәмшидинова алып берген. Жатақхананың жағдайы белгілі, ыстық су, асханасы жоқ, тым ескі. Фариза апам Парламентте депутат. Күн сайын жұмыс аяғына қарай қоңырау шалып: «Есіктің алдында көлік күтіп тұр, шық» дейді де, қоя салады. Апам айтқан соң, апыл-тұпыл жүгіре түссем, қызметтік көлігімен шопыры Құрман аға күтіп тұрады. Кейде көліктің артында апам өзі отырады да, мен мінер-мінбестен кеттік дейді. Көлік қайқаң ете қалып, заулай жөнеледі. Апам «Тыныштық па, не жаналық?» дейді, оған менің жауабымнан соң үнсіздік орнайды. Қайда, неге бара жатқанымызды мен сұрамаймын, ол кісі айтпайды. Діттеген жерге жеткеннен соң, бір мейрамханаға, болмаса бір сарайға кіреміз. Фариза апайды қауқылдай қоршап, жапырлай амандасқан жұрттан сол ығысып, кейін шегінемін. Апам артына жалт қарайды да, «Қайда қалдың? Бері жүр» деп қасына тартады. Қаумалаған жұртқа «Сендер мына Ленаны танысыңдар ма?» дейді. Олар болса маған қарап, танымаса да «А, танымыз! Әрине!» деп шуласады. «Жоқ, танымаймыз» десе, апамнан «Осы сендер неге талантты жастарды білмейсіңдер?» деген «таяқты жейтіндерін» біледі. Апамның тұтқиылдан ілетін мінезі мен жұрттың «шарасыздықтан» туған өтіріктеріне менің әбден айызым қанады. Көп болса 2-3 тост отырмай, кімнің тойы екенін енді түсініп келе жатқанымда, «мен қайттым, сен неғыласың?» дейді апам, «мен де» деймін.

Кейде апамның үйіне қонып, танертең жұмысқа депутаттың көлігімен жетемін. Әдетте, көліктердің барлығы басқы кіреберіске жақындай алмайды, тек депутаттар мен министрлердің көліктеріне ғана рұқсат етілген. Фариза апамның айрықша нөмірлі көлігі қайқайып министрлік алдына келіп, мені мінгізіп, не түсіріп кетіп бара жатқаны әріптестерімнің біразының көзіне «күйік» болып, сылсын әңгіме тарағаны бар. Бірде жатақханамаңда жаяулатып, борандылып жетем дегенше жұмысқа кешігіп қалдым. Енгіте беттеп, лифтінің тетігін басып, ішке еңсем, лифтіде министрім Шәмші Көпбайқызы Беркімбаева тұр екен (ол кезде министрлер, әкімдер жұртпен аз да болса тең өмір сүретін). Мені тани кетіп,

амандасып, хал-жағдайымды сұрап жатыр. Басқан нүктеме жеткен соң, жылы қоштасып түсе бастағаным сол еді, тап алдымнан өзімнің қызмет ететін департамент басшысы шыға келмесі бар ма? Көп уақыт өтпей, бастығым шақырып алып, сөге бастады: «Вы кто такая? С опозданием приходите на работу, еще с министром в одном лифте. Как Вам не стыдно? Понимаете! Где субординация?..». Боранның салдарынан кешіккенімді, министрдің лифтіде тұрғанын білмей қалғанымды, тіпті министрмен бірге жай қызметкер лифтіге қатар отырмасын деген заң жоқ екенін айтып түсіндіріп жатырмын, бастығым түсінгісі келмейді. Сөз ләмінен байқағаным, менің кеңселік тәртіпке бағына бермейтінім, бастық көрсе, құйрығын бұтына қыса жылжытап кететін ұры ит секілді өзгере қоймайтыным, депутаттың көлігімен «шал-қауыр» жүретінім ол кісіге қауыр» тиіп жүрген сияқты. Менің де шыдамым таусылды. «Мынадай жерде жұмыс істемеймін» деп есігін тарс жауып шығып кеттім. Кабинеттен сөмкемді алып, шыға бергенім сол еді, ұялы телефон шыр етті. Фариза апам! Күннің суықтығын айтып, тоңып қалмадым ба, не жаналығым барын сұрап жатыр. «Жаңалығым — жұмыстан кеттім» дедім. Апам «Не болды?» деп аң-таң. Болған жағдайды айтып едім, зілді мырс етті. Сол күні жұмысқа бармадым. Ертесіне де бармай, Астананы аралап жүрсем, кеше мені иттей етіп жіберген департамент басшысы телефон соғады: дауыс ырағы өзгерген, пұшайман болып тұр. «Пожалуйста, приходите» деп жалынады. Не де болса, Фариза апамнан дүмпудің жеткенін және осал тимегенін сездім. Шынында солай болып шығыпты. Менің жағдайымды айтып министр Шәмші Көпбайқызы Беркімбаеваға телефон соғыпты. «Анау, директорымағы сенімен бірге лифтіге неге мінесің деп ұрсатын көрінеді? Бұл не деген ақымақтық? Бағызда Мұқағалиды да естіп өлтіріп еді қазак, ол сендердің ондай кеңселік «тәртіптеріңе» көне алмайды» депті. Фариза апам өмірінде қатты құрметтеген, «Қыз ғұмыр» атты өлеңін арнап аялаған еліміздің қайраткер қыздарының бірегейі Шәмші Көпбайқызы апам: «Министрмен бірге лифтіге мінбесін деген тәртіп жоқ, адамның бәрі бірдей ғой, апай. Кеңсе қызметкерлерінің кейде осындай бар...» деп ақталған көрінеді. Айтса айтқандай, бірнеше рет қоңыраудан кейін бастығма барып, түсінісіп, қайта жұмысқа кірісіп кеттім.

Осылай күнде жұмыстан шығып, не тойға, не кешке, болмаса, апам: «Жатақханадасың ғой, етті сағынған шығарсың, үйге жүр» деп алып кетеді. Екеуден-екеу бір табақ етті алып, ән-жырымызды айтып, сырласып отырамыз.... Сондай сырласудың бірінде Астанада кеш өткізгім келетінін айттым. Апам: «Дұрыс, ел-жұртқа Астанаға келгеніңді білдіруің керек» деп қолдау көрсетіп, ертесіне жұмыс кабинетінде отырып, Республикалық Кеден комитетінің басшысы Бердібек Сапарбаевқа телефон шалды. «Бердібекжан, сен өзін Қызылордада әкім болғаныңда облысыңның өнерпаздарын Алматы мен Астанаға алып келіп, жарқыратып көрсетіп едің, Еленаны білесің ғой» деді. Бердібек аға ар жағынан мақұлдап жатқан болуы керек, «Сол қарындасың қазір Астанада, ел-жұртқа елордаға

келгенін білдіріп, бір кеш жасағысы келеді» деді. Тұтқаның ар жағы көп сөйлеген жоқ, апам тұтқаны қойып жатып: «Шешілді, ертең ағана бар» деді. Ертесіне Бердібек аға: «Елена, Фариза апай айтқаны ғана деп ойлап қалма, сенің өнеріңді құрметтейтін екі адам болса бірі — мен, жалғыз адам болса, сол — менмін» деп одан сайын маркайты. Астананың алғашқы қалыптаспаған қиында жағдайына, мәдени мұныңдіктеріне қарамастан, кеш Конгресс-Холлда сол кездегі өлшеммен жоғары деңгейде өтті. Оны кеш соңында жарты сағат сөз сөйлеген Әбіш ағаның «Мынау Астананың ақтүтек боранындай Фаризаның мінезін санғыла тауып, осындай іске мұрындық болдырған сен мықтысың» деп қағызға сөйлеп, жұртты күлдіріп, атап көрсеткені әлі есімде. Бұл 2004 жыл болатын...

Араға оншақты жыл салып 2011 жылы анам өмірден озып, өмірімде үлкен өзгеріс болды. Фариза апамның қамқорлығы мен адамгершілігін сол кезде сезіндім. Анаммен бірнеше рет дастарқандас болғаны бар, сонау 1992 жылы Қызылордаға келген сапарында үйде болып, папамның да көзін көргені бар, арнайы «көңіл асын» беріп, Құран бағыштады. Сол уақытта Фариза апамның да ауырып, Германиядан алғашқы отасын жасатып келген уақыты еді. Жаман ауру күннен-күнге дендеп бара жатқанын түсінсем де, Фариза апамның болмысына қарап дәм-тұзы таусылып бара жатыр деп ойлай алмадым. Ауруханада жатып та, химиясын алғаннан кейін бірауық шақырған шараларға қатысып, сөз сөйлеп, дастарға қолдау көрсетуді бір сәт те тоқтатқан жоқ. Менің анам қайтқаннан кейін, көңілімнің түсіп жүргенін көріп: «Көптен бері үндемей қалдың, сенің де анау Роза, Мақпалдар секілді өз үніңді көрсететін уақытын келген жоқ па?» деп, кежегіміз кейін тартып, үмітіміз үзіле бастағанда алға қарай сілтеген сөзі әлі жадымда. Өзі жаман аурудың 4-стадиясында жүріп, өкпесін сүйретіп «Алтынқұран» қорының Президенті, белгілі өнер мен әдебиетті жанашыры Исламбек Салжановқа мені өз қолымен апарып таныстырып, алдағы концертіме демеуші болуды тапсыру үшін тек Фариза болып туу керек шығар! Қазіргі замандағы билік-тегілердің он екі мүшесі сау, бәленбай шетелдің лардай оқуының дипломын егеленіп, 5-6 тілді игергенімен, біреудің таланты түгілі, қалталарына пайда түспесе, ештеңеге селт етпейтінін көргенде ызадан жарыла жаздайсың!

Фариза апам әрбір араласқан адамымен тұрақты болуға тырысатын. Қайсыбір өнерге келген жастың қайдан шыққаны, ата-анасының кім екені, жағдайы қалай екені апамның назарынан тыс қалмайды. Ең алдымен сол адамның бүтін-делмей тұрған жері болса, бүтіндеуге, құралмай тұрғанын құрасуға, болмай жатқанын болдыруға ұмтылады. Барлық жан жүрегімен еліміздің түкпір-түкпірінде жүрген талант көрсе, соны бауырына тартады. Іздейді, сұрайды, тапсырады. Қазір әлем мейірімді ананың символы деп мать Терезаны әулие тұтады. Соңғы кезде ол кісінің де (қара жер хабар бермесін) әртүрлі даулы әрекеттері баспасөз беттерінде жариялана бастады. Тіпті, мать Терезаны айтпай-ақ, туған балаларынан бөзініп, тастап кетіп жүрген көкек әке мен аналардың көбейіп кеткені біздің қоғамды алаңдатып отырғанда, ағасының тоғыз баласын өз баласындай тәрбиелеп,

асырап-баққан Фариза апамның кендігі мен адамгершілігіне тең келетін тұлғаны көргенім жоқ. Бұл биіктік пен парасат біздің қазақ қыздарына ғана тән болса керек! Ұлы адамның тәрбиесін алған балаларының да апам қайтқалы жарғақ құлақтары жастыққа тимей, апамның барлық шаруаларына бас-көз болып, Фариза апамның қалдырған өнегесін лайықты жалғап келе жатқанына сүйсінемін.

Сонау жылы Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов Атырау облысының әкімі болып тұрғанда Фариза апамның 60 жылдық мерейтойы өтті. Шераға — Шерхан Мұртаза бастаған жиында Алтынбек Сәрсенбаев, Нұрлан Балғымбаев, Заманбек Нұрқалидовтердің қатысқаны қандай сәнді-салтанатты еді?! Облыс әкімі апам көлік мінгізді. Той соңында Фариза апам барлық атсалысқан азаматтардың басын қосып, дастарқан жайып, қызметтеріне рахметін айтып, құрмет көрсетті, мінген көлігін «Соңымнан еріп келе жатқан талантты қыз, аулыңа жаяу қайтпа» деген маған мінгізді. Жұрт разы болды. Иманғали Нұрғалиұлы «Жігіттер, мына көлікке жоғары білімі бар шопыр табындар, көлігіміз Атырауға қайтып келсін» деп қалжыңдады. Апамның ер-азаматтардан артық осындай кендігі мен биік парасатын көре алмайтындар да көп болды. Біреулер «Фариза облыс мінгізген көлігін менсінбей, Еленаға бере салыпты» десе, біздің қызыл ордалықтар, «Елена барып, Фаризаның көлігін сатып алып, «мінгізді» деп айтып жүр» деп күнкілдеді. Фариза апам адамдардың бойындағы қорғаламушылықты, талантты көраламушылықты, әйелдерді, қыздарды төмендетуді, аз қазақтың руға, жүзге, жерге бөлінгенін қатты жек көрді. Менің алғаш кешімді бастан-аяқ өткізген Бердібек ағаның ісіне разы болып, «Жалпы, анау руласым, мынау туысым деп бөліну — сандырақ. Азаматтық, адамдық деген ешқашан руға, жерге бөлінбейді» дейтін.

Жалпы, өмірде Фариза апамның сырлас ең жақын екі құрбысы болды. Оның бірі — Өскеменде тұратын білім саласының қайраткері Жәзира Ақатайқызы, екіншісі — мемлекет және қоғам қайраткері Ғайникен Айдарханқызы Бибағырова. Фариза апам «Ертең мен өлгесін, менің дұшпандарым менен ала алмаған ақысын сенен алады. Сені тірідей жейді» деп ескертіп кетіп еді, осы күні сол сөздің дәл айтылғаны күнде дәлелденіп жүр.

Депутаттық мерзімі аяқталған соң да, апам қарап отырған жоқ. Әрбір өсіп келе жатқан талантты жасқа мейірімін төге алды. Менің және Азамат Есалы, Бауыржан Қарағыз сияқты жас ақындардың Астанада пәтер алуына тікелей септігі тиді. Апама көптеген шағым айта келген қарапайым жұрттың баласын бақшаға орналастыру, оқуға түсіру, жұмысқа тұрғызу, тіпті ауыр қылмыс жасап істі болған жастардың түрмеден шығуына да ықпал еткеніне өзім күзмім. Фариза апам барда Астанада шығармашылық жастардың «Шабыт» фестивалі өтетін еді де, әр аймақтағы талантты жастардың басы қосылып, мәре-сәре болатын. Соңғы кезде аталған фестивальдан «Әдебиет» номинациясын алып тастағанынан-ақ апамның орны ойсырап тұрғанын көремін.

Ақмола астана болғалы әр қиырдан талантты көптеген жастың солай қарай ағылған кезі. Жана астанада әдеби орта қалыптасып үлгермеген шак. Жастардың барлығы апайды айналшықтайды. Талай жақсы, жас қыз-жігіттердің ішінде Фариза апам мені, жұртқа сүйкімді көрінетін анау айтқан «жібектей» мінезім мен «жігіттей» құлқым болмаса да, айрықша жақын тұтты. Менің азғантай таланттымыз бағалағаны болар. Кейде сөйлесіп отырғанда менен «Осы сен бәленшені танысың ба?» деп жоғарыда отырған бір лауазымды кісі туралы сұрайды. «Соны қандай адам деп ойлайсың?» дейді. Мен өз пайымымды айтсам, кейде шегі қатып күледі, бірде үндемей ойланп калады. Апам неге менен біреулер туралы пікірімді сұрайды деп ойлайтыным. Қазір сол кезде апамның әрбір ел басқарған адамдардың сапасына, деңгейіне өзіңше баға беретінін, оны тануға, түсінуге ұмтылатынын түсініп жүрмін. Сонда менің пікірім арқылы — деңгейімді танығысы келіп және өзінің пайымына нақтылық іздейтінін осы күні сезінемін.

Фариза апамдай адамды танып, бағалай білетін көрегендікті ешкімнен көргенім жоқ. Бүгінде ел басқарып жүрген есті деген ағаларымыздың өзі сыртымыздан айтылған өсек сөзге еріп, қарадай қыйтып, сөлемге жармай қалғанын көргенде, ешкімнің сөзіне ермейтін, әділдікті қажарып, құдайшылығын айтатын Фариза апамды жоқтаған кеудем үлі жөнеледі...

Бірде дастарқан басында халқымыздың әйгілі әншісі Роза Бағланова туралы әңгіме болды. Фариза апай онша мән бере қойған жоқ. Кейбір замандастары Роза Тәжібайқызының сахнадағы еркелігін, болмысын келеке ететінін естіп жүретін едік. Әдеттегідей, «Бағланова туралы не ойлайсың?» деді. Мен жастайымнан Роза Тәжібайқызын пір тұтты, әншілігіне тамсанып келе жатқанымнан бұрын, оның кешегі Желтоқсан оқиғасында билік мінберінде емес, алаңдағы жастардың ортасына барып, әрбір қыз-жігіттің қолынан ұстап, жылап тұрып: «Айналайн, үйіңе қайт. Қазір сендерді мыналар қырып тастайды ғой, аналарын анырап қалады ғой» деп шап-шағын бойымен қандырып жалынып, еңіреп жүргенін көзімен көргендерден естігенімді айтып, Роза апайды Үлкен адам деп бағалайтынымды жеткіздім. Апам: «Әбіш те осыны айтып еді» деді де, үндемей қалды. Арада бір-екі ай өткен соң, бір күні Фариза апам: «Мен жалпы, кісіге көзқарасымды өзгертпейтін едім, бірақ сен менің Роза Бағлановаға көзқарасым мен пікірімді 180 градусқа өзгерттің. Өткендегіден бері сенің сөздеріңді ойланып жүрдім. Роза апай шынында Ұлы адам екен» деді. Бұл апамның әбден көзі жетпей, көңілі иланбайтын, нақты дәлел болмаса, «қашқанға да, қуғанға да серік» күнде көріп жүрген аумалы-тоқпелі бисымақтардай емес, адам құнын ақылмен пайымдайтын саликалы жан екендігінің бір белгісі еді...

Фариза апамның «Аяғыңа жұртың туғли кініп жүрсен де, халықтың сөзін сөйлеп жүріңдер» деген сөзі санамда жатталып қалды. Өз халқын осылай сүйген ақынның болмысы мен шығармашылығына халықтың да махаббаты артпаса, кеміген емес және Фариза апа алыстаған сайын ол махаббат ғасырлардан ғасырларға жалғасып, күшейе түсетініне сенемін.

Фариза апаммен әрбір өткізген уақытым қалған өмірімнің компасына айналғандай. Кейде бір шаруаларды «қалай етсем екен?» деп ойлай қалсам, көз алдыма Фариза апамның бейнесі орнай кетеді. Онымен іштей ақылдасам, мақұлдасам... Соңғы күндерінде қоғамдағы келеңсіздіктерге қатты алаңданды. «Біздің осы уақытқа дейін айтып, жазып жүргеніміздің бәрі «теріс» болып шықты ғой, еңбегіміздің бәрі зая кетті» деп, қоғамда арсыздықтың көбейіп, адамшылықтың төмендеп кеткеніне күйінетін. Әсіресе талантты жоқ, бір өлермендердің шын таланттарды басып-жаншып төрге ұмтылғанын қабылдай алмады. Кейде мен: «Апа, қайтесіз, өмір деген қып-қысқа дүние, оларды да Құдай жаратты ғой» десем, «Сен «кешіру» керек дейсің, өмірде кешірілмейтін дүниелер болады» деп бір-ақ кесетін. Апам қайтканда белгілі журналист Серік Аббас-Шах «Фаризалардың дәуірі бітіп, Гоголардың дәуірі басталды» деп жазып еді, әлеуметтік желіде. Осы күні «кешірілмейтін жағдайларды» жиі көріп, күнде «жеңіліп, сәт сайын «өліп» жүрміз.

...21 қаңтар. Түс әлетінде ауруханаға соқтым. Тесегінде түрлі газет-журналдар. Көзілдірігін киіп алып, әдеттегідей кроссворд шешіп, қағазға телміріп жатыр. Ұзақ отырмадым. Түнде апамды түсімде көргенімді айттым. Апам бір жылы жымиып қарады да, үнсіз қалды. Әшейінде өзі «бүгін не түс көрдің?» деп сұрайтын. Мен кейде түс көріп, оны болжап, соларым дұрыс келіп отыратынын білетін. Бір-екі күнде шығатынын айтты. Есіктен шығып бара жатып, артыма қайта бұрылып қарадым. Апамның ауру әбден шаршатқан көзімен қыла да қимай қарағанын көрдім. Жүрегім солқ етті... Сол қараған жанары әлі көз алдымнан кетер емес...

Елена ӘБДІХАЛЫҚОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

“Егemen Qazaqstan”.

■ ОЙТОЛҒАҚ

Мысықтың түсі маңызды емес тышқан ауласа болды

Жуырда Ресейдің мемлекет және қоғам қайраткері Сергей Бабурин әлеуметтік желіде Кеңес Одағы құлап, дүниенің астан-кестені шығып жатқан дәуірде, яғни 1993 жылы қабылдаған Ресей Конституциясы өздерін-өздері құртуға бейімделген еді дегенді ашына айтты. Саясаткердің пайымдауынша, сол кездегі саяси оқиғалардың жылдам өрбігені соншалық, мақсаттың, идеяның жоқтығынан, бар мен жоқты бағалай білмеушіліктің, ең сорақысы – біздің қасіретімізге айналған немкеттіліктің, эгоизмнің салдарынан тұтас мемлекет жоғалып кете жаздады. Конституция тұжырымдарында социализм ұғымы алынып тасталды, ал оның орнына жаңа қоғамның бет-бейнесін айқындайтын капитализм дегенді жазуға ұяттары жібермеді. Ел өмірінде алмағыып, болашағы бұлыңғыр дәуір басталды.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.

Иә, Ресей осындай қиын уақытты басынан өткерді.

«Ойды ой қозғайды» демекші, ортақ шекпеннен шыққан соң бізге де сол дәуір оңай болмағанын атап өткім келді. Талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткерді. Жұбан Молдағалиев айтпақшы, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың қазір әлемдік бәсекеде әлі арпаласып жатқан сыңайы бар.

Өмір пәлсафасы бойынша тірі адам тіршілігін жасайды. Бірақ, біздің пайымдауымызша, жүрегінде иманы, санасында ұяты бар адамдар қазір қоғамда барлығынан бұрын немкеттіліктің, эгоизмнің микробтары ұялап жатқанын, барлығы үшін мұның қаншалықты қасірет әкелетінін жиі айтатын болды. Шындығында, менінше, қазір бұл коррупциядан да қауіпті құбылысқа айналған сынайлы. Кейде орынды сұрақ туындайды. Бұл дерт бізге қайдан келді? Осы сұраққа жауап табу мен үшін күрделі, сондықтан оны оқырмандардың өз пайымына қалдырып, айтар ойымның сабақтасығын жалғастыруды жөн көрдім.

Сауатты оқырман Нобель сыйлығының лауреаты, атакты «Тынық Дон» романының авторы Михаил Шолохов есімінен хабардар деп ойлаймын. Сол Шолохов өткен ғасырдың 30-шы жылдары есімі Сталинге белгісіздеу болса да хат жазады. Өзінің Дон өлкесіндегі ауданда көмексенеңіз озыбырлықпен жүргізіліп жатқанын, оның басы-қасында жүрген райкомның хатшысын, НКВД бастығын әшкерелеп жазады. Тап жауларымен күрестің сол уақытта қаншалықты өрістетіп тұрғанын ескерсек, Шолохов өміріне де қауіп төнген. Себебі Сталин хаттағы фактілерді тексеруге Мәскеуде арнайы комиссия құрған еді. Тексеру бойынша Кеңес өкіметінің жергілікті жердегі өкілдері қатаң жазаланады. Бірақ Михаил Шолоховқа да оңай соқпайды. Өміріне қауіп төнгенін біліп, Мәскеуге келеді. Сталинге кіреді. Сталин:

– Көп былықтардың бетін аштың. Жауың көбейді. Жеке өмірің үшін қорықпайсың ба? – деп сауал қойғанда жазушы:

– Сталин жолдас қорғайды деген ниетпен алдыңызға келіп отырған жоқпын ба? – деп жауап береді.

Сталин табиғатынан ойын бүкпесіз айтатынды құрметтейтін. Шолохов қоғамдағы теріс құбылысқа, қылмысқа немкеттілік танытпады. Көсем де мәрттік танытып, астанада қалуына көмектеседі. Куәгерлердің айтуынша, кейін Шолохов елінде тұрақтап қалады. Бірнеше белгілі шығармалар жазады. Әлем таныған жазушы атанады. Сталин жазушыны сырттай бақылап, соғыстан кейін өзінің қабылдауына шақырады. Хал-жағдайын сұрасқан соң көсем өзіне тән байыпты сауалын көлденең тартып:



– Сізді көп ішеді дейді ғой. Бұған не айтасыз? – дейді.

Шолохов іркілместен: «Қызғаныш пен іштарлыққа толы мына ит өмірден қалай ішпейсіз, Сталин жолдас?! – деп жауап беріпті.

Сталин қабылдауына шақырған жазушыға еш жауап қатпастан үнсіз шығарып салған көрінеді. Қаншалықты қажет болды? Не үшін шақырды, бұл көсемнің өзіне ғана мәлім. Сталин талай адамдарға өздері күтпеген сауалдар қойған. Олардың жауаптарын тыңдаған империяның бірінші басшысы Кеңес Одағының алғашқы жылдарындағы ғанауандық шаралардың қаншалықты деңгейде және қалай жүріп жатқанын НКВД, атқарушы билік арқылы ғана емес, басқа, тіпті қарапайым көздерден де біліп отырған. Өйткені ол – үлкен елді, халықты билеген тұлға. Оған Шолохов сияқты талантты жазушының араққа салынғаны түк емес, ол барлығын білгісі келеді, ынтызар. Ет пен сүйектен жаралған пенде ретінде әр нәрсеге қызығушылығы және бар. Биліктегі өзіне бағыныштыдан гөрі сезімнің адамдарымен сөйлескісі, ой бөліскісі келеді.

Қасым Қайсенов – жаужүрек партизан жазушы. Соғыс аяқталар сәтте Украин партизандарының атақты қолбасшысы Сидор Ковпак: «Вася (украиндар Қасымды осылай атайтын), сен жақсы соғыстың. Елге қайтуыңа болады. Бірақ әзірге Киевте бейбіт өмірге бейімделе тұр. Кейін өзім шығарып саламын» дейді. Ковпак Қасым партизан ақын Жұмағали Саинмен Алматыға жүргелі тұрғанда арнайы жазылып, мөрмен ашылмастай етіп желімденген хат тапсырады. «Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке!» дейді. Төртін бойынша хатты ешкімнің оқуға құқы жоқ.

Қасымға Ковпактың «жақсы соғыстың» деп айтуы тегін емес. Ол – барлаушылардың арнайы мектебінде оқыған, жеке-жеке талай немістің көзін жойған, ештеңеден тайсалмаған батыр. Ал ондайлардың көпшілігі бейбіт өмірге бірден сіңісіп кете алмайды. Ашушаң келеді. Бұзақылығы ештеңе етпейді, кездейсоқтықтан ауыр қылмысқа баруы да мүмкін. Ал бейбіт өмірде заң ондайларды кешірмейді. Ковпак осынысын біліп, батыр тағдырына немкетті қарамағандықтан, Шаяхметовке арнайы хат жазып отыр.

Ендігі қызықты қараңыз. Қасым Алматыға келіп отбасына қосылып, пәтер жалдап тұрады. Соғыстан кейін елдің жағдайы әлі ауыр. Нәпақа табатын жұмыстың көзі тағы көрінбейді. Азық-түлік көрешкемен беріледі. Партизан бейбіт өмірге бейімделмегендіктен үйінде етігін, партупейін шешпей, аты-жөні жазылып берілген тапаншасын жастанып ұйықтайды екен. Жұмағали: «Әй Қасым, әлгі хатты Шаяхметовке кіріп, тапсырдың ба?» деп сұрайды кейінірек.

– Әлі бара алмай жатырмын,

ол кісі кім өзі? – дейді нақтылап алғысы келіп. – Военком ба? Сауаттылау Жұмағали ағасы күліп: «Ол – үлкен бастық. Военком-саенкомдарынды бір шыбықпен қуатын бастық» – дейді.

Қасымның ЦК-ның үйіне кіргені де қызық хикая. Алдымен ауыздағы милициямен шатасады. Милицияға Қасым: «Саған тапаншамды бермеймін. Кімсің сен?» – деп жағасынан алуға ұмтылады.

Қасынан өтіп бара жатқан ЦК-ның иманжүзді қызметкері олардың үстінен түседі. Президиум төрағасы Әбдісәмит Қазақбаевқа, ол Шаяхметовке алып барады. Қасым бір аптаның ішінде ЦК-ның жер бөліміне жұмысқа орналасады, азық-түлік көрешесін алады. Бірақ, жұмыстың барысына қаныға алмай кабинетінде күнұзақ зеріккенде тапаншасын бөлшектеп тастап, майлап отырады екен. Мұны естіген Қазақбаев:

– Шырақ, соғыс бітті. Сен мұнында қой енді. Португейінді, тапаншанды үйіне қалдырып кет. Үкімет үйіне бұлай келуге болмайды, – деп сыпайы ғана ескерту жасайды.

Қойшы, әйтеуір, Қасымға олар кейін де көп көмектесіп, талай пәледен алып қалады. Төрт жыл соғыста болып, жауын бауыздап, сөзге келместен тұмсығынан періп жіберіп сұлағатын 26 жасар жігітте қандай ақыл болсын, осынысын білгендер қамқорлық жасайды. «Шырақ» деген қазақтың тамаша сөзімен жұбатады. Мұндайды қазіргілер «бұрынғын адамдары-ай!» деп ризашылығын білдірер еді.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары болуы керек, компартияның бейнелеп айтқанда, қылышынан қаны тамып тұрған кезі. Бұл аға буыннан естіген әңгімем еді. Өңімінен аты әңгіме, дегенде, оның жай-жапсарын Д.Қонаевтың естелігінен оқығанымыз жөні тіпті бөлек. Қонаев Қазақстанның бірінші басшысы, екінші хатшы – Мәскеудің қамқорлығындағы Михаил Соломенцев. Сол Соломенцев ұлттық кадрларға қамшысын батырғаны былай тұрсын, масайрағаны соншалық, орайы келгенде қыз-келіншектермен ойын-сауық құруды дағдыға айналдырып алған. Қазақтың жігіттері намысқой. Ессені жібермейді. Болған сорақылықты айнытпай ұстайтын дәлелдермен бірінші хатшыға жеткізеді. Жеткізіп қоймай шара көруін сұрайды. Қонаев оқиғаны Брежневке жеткізеді.

– Осылай да осылай, Леонид Ильич, Соломенцев иесі бар гүлді иемденгісі келген. Маскара болғанда қылмыс үстінде қолға түскен, – дейді оқиғаның мәні жайынан хабарлар етіп. Үнсіз тыңдаған Брежнев:

– Соломенцевтің қылығынан социализмге пәлендей зиян келе қоймас, оны маған жіберіңдер. Тағдырын өзім шешемін, – дейді.

Қонаев оны Қазақстаннан осындай маскаралықпен аласта-тып жіберген еді. Кейін сол Соломенцев Желтоқсан оқиғасына байланысты Қазақстанды тексеретін

комиссияның құрамында болды. Бұл енді Горбачев билік құрған кезең еді. Тексерді. Тырнақ астынан кір тапты. Бірақ кейінгі тарих Желтоқсанға әділ бағасын берді. Қазақ тарихында Қонаевтың адами қасиеті, ізгілігі, парасаттылығы қалды. Себебі ол еш нәрсеге бей-жай қарамайтын, немкеттіліктен ада мемлекеттік тұлға еді.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары кемелденген социализм дәуірінде Кавказ, Орта Азия республикалары коррупцияның өріс алуымен ерекшеленген еді. Брежнев қайтыс болғаннан кейін билікке келген Юрий Андропов өзінің бұрынғы қызметі бойынша ең сенімді деген әріптестерін жинап алып: «Шпиондар мен тыңшылар сәл уақыт серуендей тұрсын, қазір мемлекетке одан да қауіпті жаулар зиян тигізбекші» деп оларға нақты бағыт-бағдар бойынша тапсырма берген көрінеді. Мен бұл әңгімені ойдан шығарғаным жоқ, өзім тапжылмай іздеп жүріп көретін «Россия» телеарнасының деректі фильмдер сериясынан берілген сұхбаттан тамашаладым.

Бүгінгі аға буын немкеттілікті, самарқаулықты, эгоизмді, қоғамдағы басқа да келеңсіздіктерді капитализмнен көрсе, қазіргі буын оның себеп-салдарын мүлдем білмейді. Ал не нәрсенің, айталық, қауіпті дерттің диагнозы дұрыс қойылмаса, одан қоғам сауықпайды. Қайта ауруына ауру қосып алады. Ең қорқыныштысы осы.

Мен өзім болмасам да ақпарат жүйесінен Скандинавия елдеріндегі адамдар үшін жасалған ізгіліктің түп-тамырының қайда жатқанын білмей қиналамын. Ал Финляндияда капиталистік қоғам. Білкім еңбекқорлықтан, мәдениеттіліктен, әлде басқалай себептерден шығар? Мүмкін патриотизмінен болар?

1939-1940 жылы Кеңес Одағы финдермен соғыста Маннергеймді (қолбасшы әрі президент) жеңе алмады. Қызыл армияның 1 млн әскеріне финдердің бар болғаны 300 мың әскері қарсы тұрды. Ақыры екі жақ бітімге келіп тынды. Ал оның сырын білу үшін сол халықпен етене араласып тұру керек шығар?!

Капитализм демекші, біз қазір оны қатырғанымыз жоқ. Сонымен бірге бүгінгі әлем жұртшылығының оған көзқарасы да онша жағымды емес. Кеңес Одағы теңселіп жатқанда экономикағы нарыққа бұрып, реформаларға батыл кіріскен Қытай мемлекеттік кеңес төрағасы Дэн Сяо Пиннен Батыс пәлсафашылары: «коммунистік партия мен еркін экономика бір-бірімен қалай үйлеседі?» деп сауал қойғанда жарықтық Конфуций ілімімен қаруланған төраға: «мысықтың түрі сары немесе қара болғаны маңызды емес, әңгіме оның қаншалықты тышқан аулай алатын қабілетіне байланысты» деп жауап берген екен.

Қалай ойлайсыз, тамаша жауап қой. Ендеше барлығы өзімізге байланысты-ау деймін...

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп Ұлы Абай атамыз айтқандай, мұғалім – қоғамдағы басты тұлға. Дикан күздегі қамба толы астығымен, шопан өрістегі отарымен еңбегін көрсетсе, ұстаз еңбегі шәкірттерінің жеткен биіктерімен, адамдық қасиеттерімен өлшенеді.

Шәкірт бақытын аялаған



Ғасырдан астам тарихында Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясын 27 директор басқарып, мәуелі жылдарымен ел есінде жүрген ардагер-ұстаздардың өмірлерінің өзі дастанға айналды. Ұстаздар қауымының айтар ақылы да, көрсетер үлгісі де, білсем, үйренсем деген жандарға жетіп-артылады. Қала мектептерінің қарашанырағында бір-бірімен әріптес, замандас болып 1985-1998 жылдар аралығында Д.Сәдуақасова, К.Бектасова, Л.Сидорова, Т.Мұқанова, А.Омашева, К.Сәдуақасова, А.Абыкова, Ф.Дәуітбаева, К.Мұсаева, Д.Ахметова, К.Төлеуова, С.Демесінова, Ш.Пренова, Р.Ителгисева, С.Нұрмышева, Д.Торғаева, Б.Мұстақұлова, Ә.Өмірбаева, Т.Қалауова, К.Көшербаева, О.Тыныбекова, Д.Омарова, Ж.Жамқорова, З.Бердібаева, С.Сариев, А.Рашева, Ү.Өтепбергенова, О.Қайнарбаева, К.Елеусізова, Б.Марханбетова, Г.Кеншубаева сияқты білікті ұстаздар еңбек етті.

Бүгінгі әңгімеміз ардақты ұстаздардың бірі Аманкүл Абыққызы жайында болмақ. Оның да бұл пәніден бақиға аттанғанына бір жылдың жүзі болыпты. Аяулы ана, адал жар, парасатты ұстаз, қамқоршы әже атанып тағылымды өмір сүрген Аманкүл апай жайлы айтар әңгіме, шертер сыр мол. Оның мектепте өткен әр сабағы – бір шежіре, ұстаздық еңбек жолындағы алуан шәкірттің сан қилы тағдырына алаңдай жүріп, білім беруі – жазылмаған жыр-дастан. Ол алдындағы шәкірттерін өз балаларындай аялап, болашаққа батыл қадам жасауларына шынайы қамқорлық көрсете білді. Көзкөрген әріптестері ерекше ықыласпен еске алып, мәнді де мағыналы ғұмырын кейінгі толқын жастарға үлгі-өнеге етіп отырады.

А.Абыққызы 1942 жылдың 29 желтоқсанында Сырдария ауданының Киров ауылында дүниеге келген. 1960 жылы мектеп бітірісімен Қызылорда қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түседі. Оқу орнын 1965 жылы бітіріп, осы жылы «1 Май» мектебіне өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. Саналы ғұмырын балалардың санасына сәуле шашуға, білікті ұрпақ тәрбиелеуге арнады. 1998 жылы өзі еңбек жолын бастаған мектептен зейнетке шықты. Дос-жаран, құрбы-құрдас, шәкірттердің ұстазға деген көңілдері ерекше, өзі де жаны жайсаң жан еді.

– Ұстаздың міндеті – үйрету, шәкірттің міндеті – үйрену. Кім үйрете білсе – ұстаз, кім үйрене білсе – шәкірт. Аманкүлмен студент кезден бері жүрдік. Жүзінен шуақ шашқан, бұйра шашты, қараторының әдемісі. Мінезі салмақты, өзі жарасымды да сәнді киінетін. Жақсы адам күн сияқты айналасына нұрын шашып тұрса, оның сәулесі түскен адамның жанын жадыратып, көңілін көтеріп, ізгілік шауығына шомылтады. Бойындағы асыл қасиеттері қанмен берілген. Тектілігімен ерекшеленетін Аманкүл өзі түскен Тлеулиев әулетінің қадірлі келіні бола білді. Ал Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназияның тарихында қаншама білікті ұстаз болса, Аманкүл солардың бірегейі еді, – дейді құрбысы әрі жеңгесі, зейнеткер ұстаз Шәкізада Пренова.

Мұғалімдік – мамандық десек, ұстаздық – қасиет. Осындай ұлы қасиеттің иесі атанған Аманкүл апай жайлы естелік жетерлік. Білімді, мінезі тұйық, көп сөйлемейтін, сабырлы, салмақты, кішіпейілдігімен ерекшеленетін ұстаз-ана мектепте де, отбасында да бірқалыпты ұстанымымен сыйлы болды. Үнемі шәкірттерін бірінші орынға қойып, олардың білімді толыққанды игеруіне күш салатын. Оқушылар мен ұжым арасындағы жауапкершілікті сезіне білетін. Сондықтан болар, апай оқытқан, одан білім алған оқушы сайыстардан жүлдесіз қалған емес. Өмірде де жетістікке ұмтылды. Ұстаз еңбегі де ескерусіз қалмай әр жылдары қала, облыс, республика көлемінде еленіп, марапат төрінен көрінді.

Аманкүл апай достыққа да берік, бірсөзді, сыйластықты сақтай білетін. Тілеулі есімді қызбен мектеп қабырғасынан басталған достығы өмірінің соңына дейін жалғасқан. Сондай-ақ, облыстық бірінші бөлімнің бастығы Әлі Мүсілімовпен, институт қабырғасынан бірге келе жатқан Шакизада Преновмен, №1 мектеп-гимназия директоры болған Дина Сәдуқызы, бастауыш сынып мұғалімі Тиышкүл Қалауовамен достығы ел арасында өнеге ретінде жиі айтылады. Бұған барлық жұрт қызыға қарайтын.

Отбасы жарастығы да көпке үлгі. Жұбайы Иран екеуі үш қыз, екі ұл тәрбиелеп, халқына сыйлы азамат етіп өсірді. Бүгінде ұл-қыздары жоғары білімді, мамандық иелері. Балаларының бәрі Мәскеу қаласында білім алды. Қазіргі уақытта 3 қызы Алматы қаласында, ұлдарының бірі Нұр-Сұлтанда, екіншісі Қызылорда қаласында еңбек етіп жүр. Берекелі, бірлігі, ынтымағы жарасқан отбасында ата-анасынан тағылым алып өскен балалары да көптің батасын алған. Олардан өрбіген он шақты немерелері де ер жетіп келеді.

Гүлшім КІШКЕНБАЕВА,
Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназияның кәсіподақ комитетінің төрайымы.



Нұр-Сұлтан қаласында өткен математика пәні мұғалімдерінің фестивалінде Қызылордадағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі Сәбит Бәймен біліктілігімен ерекшеленіп, олимпиаданың 3-орын иегері атанды.

Олжалы оралды

Үшінші рет өткен фестивальға еліміздің Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 100-ге жуық педагогі қатысты. Үш күнге созылған шарада қатысушылар математика пәнін оқытудағы өзекті мәселелер аясында 20 тақырыптық семинарда тәжірибе алмасып, оқушылардың білім деңгейін арттырудағы тың идеяларымен бөлісті.

Сондай-ақ, фестиваль барысында қатысушылар арнайы өткізілген олимпиадада күрделі есептерді шығару арқылы логикалық қабілеттерімен сынға түсті. Нәтижесінде қызылордалық С.Бәймен жоғары ұпай жинап, үздік үштіктің қатарынан көріне білді. Олимпиаданың үшінші орын иегері атанған жас математик бұл фестивалдің барлық педагогтар үшін озық тәжірибе алмасу алаңы болғанын айтты.

– Басқа мұғалімдердің жұмыстарын көріп, өзіміздің тәжірибемізбен де бөлісу мүмкіндігін алдық. Заманауи білім беруде қажетті оқыту әдістемелері мен математика пәніне деген қызығушылықты арттыратын тәсілдер қарастырылған семинарларда барлық қатысқан ұстаздар алдағы жұмыстарын жандандыруға жаңа идеялар мен мотивациялар алды деп ойлаймын, – деді ол.

«СБ» ақпарат.

■ ТІЛСІЗ ЖАУ

Қауіпсіздік баршаға ортақ

Төтеннен шыққан өрт елеулі шығын алып келеді. Тұрғындар кейде қауіпсіздік шараларына назар аударма бермейтіні рас. Мұндай немқұрайлы көзқарас орны толмас жағдайға әкелуі әбден мүмкін. Сондықтан қай уақытта сақтық шарасына назар аудару – әрбір азаматтың негізгі міндеті болуы тиіс. Осы бағытта облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары тиісті іс-шараларды жүзеге асырып келеді.

Әділжан ҮМБЕТ.

Әлетте, мұндай келенсіз көріністер Жаңа жыл қарсаңында жиі байқалып қалады. Осыған орай мамандар сол уақытта көптеген жұмыстарды жүзеге асырды. Алдымен жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып мәдени-көпшілік іс-шаралары өтетін 474 нысанның тізімі анықталды. Олардың қатарында 353 білім беру, 3 денсаулық сақтау, 55 мәдениет үйі мен клуб, 3 спорт кешені, 4 ойын-сауық орталығы және өзге де мекемелер бар.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басқарма басшысы Бактияр Тұрмановтың айтуынша, 2019 жылдың 10-28 желтоқсан аралығында есепке алынған мәдени-көпшілік іс-шаралар болатын нысандарға комиссиялық қарау шарасы жүргізілді. Онда алғашқы өрт сөндіру құралдарының жұмысқа жарамдылығы, шыршаның электр ғирляндасымен, иллюминациямен қауіпсіз безендірілуіне баса назар аударылды. Шара барысында өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзушылықтары анықталып, олардың барлығы жедел қалпына келтірілді.

– Сондай-ақ, мерекелік іс-шараларды өткізу кезінде талапқа сай келмейтін пиротехникалық бұйымдарды пайдалануға жол бермеу мақсатында тиісті жү-

мыстар жүргізілді. Бұл бағытта облыстық полиция департаменті қызметкерлерімен бірлескен түрде қажетті іс-шаралар атқарылды. Өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келмейтін пиротехникалық бұйымдарды сатуға рұқсаты жоқ жағдайларды анықтауға назар аударылды. Көптеген олқылықтар анықталды. Оларға 16 хаттама толтырылып, 785 дана пиротехникалық өнім тәркіленді, – деді Бактияр Тұрманов.

Жыл басынан бері 6 өрт оқиғасына жол берілген. Оның ішінде бір автокөлік отқа оранған. Қалған оқиғалар тұрғын үйлерде болды. Айта кетерлігі, былтыр облыс аумағында 538 өрт оқиғасы тіркелген. Ол 2018 жылмен салыстырғанда біршама көп. Өрт оқиғасының басым бөлігі Қызылорда қаласының үлесіне тиеді.

Сыр өңірінде автокөліктердің өртену жағдайы да жиі кездеседі. Былтыр мұндай 100-ден астам дерек тіркелген. Биылғы жылдың алғашқы онкүндігінде екі көлік өртенді. Оның бірі Қызылорда қаласындағы Қ.Ерімбет көшесіндегі тұрғын үйдің ауласында болса, екіншісінде Шиелі ауданы Тартоғай елді мекені тұсындағы «Шымкент-Самара» тас жолының бойында Өзбекстанға бет алған көлік отқа оранды.

Субсидия беріле ме?



Осы бағдарлама аясында фитосанитариялық қауіпсіздік саласы жөнінде бірқатар мәселелер көтерілді. Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бірқатар талаптар, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдермен күресу әдістері мен тәсілдемелері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу жолымен қолайлы фитосанитариялық ахуалды сақтауға ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері (АШТӨ) ын-таландыру жөніндегі шаралар кешені әзірленуде.

Үйірлі және саяқ шегірткелер экономикалық зиянды шегінен асқан жағдайда, сонымен қатар, жоғары фитосанитариялық қауіп төндіретін карантиндік объектілерге жататын онтүстік америкалық қызанақ күйесі, жеміс ағаштарының бактериялық күйігі, қауын шыбыны, мемлекеттік босалқы жердегі карантиндік арамшөптерге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру мемлекет тарапынан жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өз аумақтарында экономикалық зиянды шегінен асқан аса қауіпті зиянды организмдер – зиянды бақашық, астықтың сұр көбелегі, гессен шыбыны, астық қонжыдары, макта көбелегі, өрмекші кене, саршұнақтар, тышқан тәрізді кеміргіштер, колорадо қонжызы. Ал дәнді дақылдардың аурулары – тап

және септориоз. Зиянды организмдер – шалғын көбелегі, бидай трипсі, жағалау шыбыны, карадрина. Қалған карантиндік объектілер бойынша, химиялық өңдеу жұмыстарына қолдануға сатып алынған пестицидтердің құнының 50% мөлшерін субсидиялау қарастырылуда.

Аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілердің бекітілген тізімін Ауыл шаруашылығы министрінің «Өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін және аса қауіпті зиянды организмдер тізбесін бекіту туралы» бұйрығынан, зиянды организмдердің тізбесін Үкіметтің «Қарсы күрес жүргізу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды организмдер тізбесін және Зиянды организмдерге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу ережесін бекіту туралы» Қаулысынан қарауға болатынын хабарлаймыз.

НАРЫСТАНОВ,
облыстық аумақтық
инспекцияның өсімдіктер
карантині және ФББ жөніндегі
мемлекеттік инспекция бөлімінің
басшысы,
Е.ТАЛПАКОВ,
өсімдіктерді қорғау жөніндегі
мемлекеттік инспекция бөлімінің
басшысы.

■ АПЫРАЙ-Ә!

Қой асығы деменіз...

«Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деуші еді...

Қазір керісінше келген секілді. Асық ойнайтын бала таппай жүрміз, егер оған бейім болса, епті әрі мерген бола еді. Ал қалталылардың көшін футболшылар бастап тұр. Доп тепкеніңіз табысты болады да шығады. Бәлкі, ата-бабамыз «...бәрінен де қой бағып, көтен жеген озар» деп баласының шаруаға бейім болғанын қалаған шығар?! Қалай десек те, қазақ үшін асық айып емес.

Дәулет ҚЫРДАН.

Үйретері көп

Райхан Наукеев шаһардағы №235 орта мектепте жұмыс істейді. Дене шынықтыру пәнінен сабақ беретін ұстаз қосымша ретінде асық ойынын алып жүргеніне 7-8 жылдың жүзі болды. Тіпті республика бойынша алғашқылар қатарында ұлттық құндылықты дөріптеуді қолға алған. Осы күні облыстық асық федерациясы президентінің міндетін атқаруда. Бүгінде «Райханның шәкіртімін» дегендер республикалық сайыстарда ат оздырып жүр. Атадан балаға мұра болған ұлттық ойын ойнай білгенге тамаша жаттығу деседі.

– Асық – шеберлікке, ептілікке, дәлдікке тәрбиелейді. Ойыннан ұту үшін ортадағы асықты көздейсіз. Ал ату үшін икемделсіз. Ебiңіз жобаға келіп, табан, сан бұлшық еттері шынығады. Әрі логиканыз жоғары деңгейде дамиды. Түптеп келгенде жан-жақты дамуыңызға әкеледі. Бұрын асықтан аралдықтардың алдына шығатындар жоқ еді. Қазір қазалылықтар алда келеді. Қызылордалықтар да оңай шағылар жанғақ емес еді, қармақшылықтар ұтып кетті. Сөйтіп, құрамаға талай мықтылар іріктеліп жатыр. Осы секілді қазір бұл ойынға шындап кіріскендер көп. Дегенмен, қазақтың әр баласы құлшына ойнайтын жағдайға жеткізсек деген мақсат бар. Яғни, тек жарыспен шектелуге болмайды, – дейді ол.

Рухани жаңғыруды алдымызға мақсат еткенде әрбір үйдің төрінде үкілі домбыра ішүлі тұрса деп армандағанмыз анық. Енді асық та әр баланың алақанында жүрсе гой. Қыздар ойнап жүрген бесасық баяғы бастақтық орнын басты. Алақанға



массаж болады әрі қарамай да қағып алып үйренеді. Міне, мәселе қайда жатыр. Ал ер балалар бастабанды ойнап жүр. Ханталапайдың да ерекшелігі көп. Білек пен шынтақты жаттықтырады.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы да спорттың бұл түріне көп көңіл бөліп келеді. Қазақстанның басқа өңірлерінде болатын сайыстарға барушыларға қаржылай көмек беріп жүр. Жалаған пен Қызылордада арнайы клуб, үйірме жұмыс істейді. Ұлттық ойынның ұлттық құндылық екенін ұғынғанымыз гой. Бұрындары ортаға бас табак келіп, етке қол салғанда асық жілікті кім ұстағанын, асығын кімге беретінін ет андыған мысықтай кірпік қақпай күзетуші едік. Асық қолына тиген бала зып еткізіп қалтасына сала қоятын. Сосын мақтануын жалғайды. Қазір де осы әдет жанымызға серік болсашы...

– Асық жинауды әдетке айналдырғанмын. Мені қуантатыны, қазір той-томалақта асықты сол

жердегі келіндер алып үлгіреді. Бұл – асық жинап жүр деген сөз. Үйдегі ер бала асық ойнап үйренсе, мектепке бармаған баланың санауды да біледі дегені гой. Өйткені, әр күн сайын өз асығын түгендеп, қосылғанын санайды. Бұрынғы құрмет пен дағды қайта оралса, керемет болар еді, – дейді жаттықтырушы.

Бала күнімізде аналарымыз киіз басар жүн бояп жатса, дереу асықты соның арасына салып жібереміз.

асық түседі. Екеуіміз енгелей кірдік. Хамит мыңдаған асықтың ортасында отыр.

– Неше асық аласың?
– Маған жүз асық бер.
– Қалағаныңды ал. Санынан жаңылыспасаң болғаны...

Екеуіміз қалтамызды толтырып алдық. Ал Хамит берген асықтарына қимастықпен қарайды да:

– Қане, бір қол ойнап жіберейік те. Тіпті асығыңды екі еселеп әкетуің мүмкін гой, – деді.

Қазыбек шеңбер сыза бастады. Сырттай қарап тұрып, мен де кірісіп кеттім. Ойнаған үстіне ойнай түстік. Қазыбек ұта бастады. Бірнеше сағат өтті. Қазыбек екеуіміздің қорымыз азая түсті. Ал Хамиттің мергендігі нығая бастады.

Кеш қарайды. Көл жағасымен басымыз салбырап қайтып келеміз. Өлгі жүз асыққа қоса менің қалтамдағы елу шақтысы да Хамиттің қолында қалды. Сол үшін қатты қапаланған едім. Қарап отырсам, жай әншейін екен гой. Бірақ асық ойнау алдыңғы кезекте тұратын.

Ұлттық ойын ұмытылмаса игі...

Осыдан біраз уақыт бұрын атыраулық ақын Асантемір Қаршығаулының шығармашылық кешіне Сырдан Онталап Нұрмаханов, Дәуіржан Елубаев, Елубай Өуезов тәрізді ақын-каламгерлер жолға шықты. Сонда әуежайда тұрған оларға бір қалта асық беріп, Алматыға ала баруын өтінген азаматтың ұлттық құндылыққа деген құрметіне разы болдық.

Расымен, асыққа құмартып өскен толқынның соңы біз секілдіміз. Өйткені, 90-жылдары өмір есігін ашқан бізден кейінгілер асық ойнауға асыққан жоқ. Асыр сап ләңгі де теппеді. Мүз үстінде бірді-екілі болмаса, доптаяқпен асыр салмады. Қысқасы, бүгінгі қазақ баласы ұлттық құндылықтан ажырап барады. Өзгеге мін тақшып біз бұл үшін кімді кінәлаймыз? Осының бәрін бір смартфонның ішіне сыйдырып, баланы жылы пештің түбіне тығып қойған қоғамды ма?! Бәлкі, өзімізден шығар, ә? Сіз қалай ойлайсыз?..

Қырағы Хамит

– Жүрсенші, Хамиттікіне барайық, – деді көрші Қазыбек. Балалармен асық ойнап ұтылып қалған. «Баламысың» деген гой, айналаны басына көшіре айғайлап жылаған соң әжептәуір үлкендер Пәшен әжейден қорқып тайып тұрған. Енді үйге қыраласқан барғысы келмеді. Ал бірер жас үлкен Хамит асық сатады. Ағы керек пе, көгі ме, әлде сарысы ма – бәрі табылады. Әжейдің зейнетақыдан тығып берген 200 теңгенің ұшын шығарды. Оған 100

Сатылады

• "Мағжан и К" ЖШС күріш тұқымның Элита (258 тг) және I репродукциялы (224 тг) "Янтарь", "Лидер" сорттарын ұсынады. Тұқымдар 40 кг қапта шығарылады. **Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG**

• "Мағжан и К" ЖШС жоңышқа тұқымның III репродукциялы "Жетісулық жергілікті" сортын ұсынады (1 кг бағасы 1200 тг). Тұқымдар 50 кг қапта шығарылады. **Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG**

(9-9)

Жарамсыз деп есептелсін

Алтынбек Бекзат Мәуленұлының атына "Қызылорда облысы бойынша Ұлттық оқу-клиникалық орталығы" ЖШС-да "Мейірбике ісі" мамандығы бойынша "Жалпы мейірбикелік технологиялар" циклы бойынша 2018 жылдың 12-29 наурыз аралығында (108 сағат) біліктілігін арттырудан өткені үшін 2018 жылдың 29 наурызында берілген №228 біліктілігін арттырғаны туралы куәлігінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Қызылорда облыстық Н.Бексезанов атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрының ұжымы Сырдария ауданының әкімі Рүстемов Руслан Рүстемұлына анасы **Сара Аяғанованың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақстан» Республикалық Телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалы («QYZYLORDA» телераисы) ұжымы Сырдария ауданының әкімі Рүстемов Руслан Рүстемұлына анасы

Аяганова Сара Ембергекқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақстан» Республикалық Телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалы («QYZYLORDA» телераисының редакторы Башарова Гүлшара Есенбекқызына анасы

Тынымқұлдің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорси» АҚ басшылығы Сырдария ауданының әкімі Рүстемов Руслан Рүстемұлына анасы

Сара Аяғанованың дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

Меншік иесі СЫР МЕДИЯ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялармдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 28538 Тапсырыс №28	Кезекші редактор Әділжан ҮМБЕТ.